

## #КүшімізБірлікте

Қазір Үкіметтің басты міндеті – халықтың ал-ауқатын арттыру, азаматтардың табысындағы алашақтықты азайту және еңбек етуге қолайлы жұмыс орындарын ашу. Бәріміз елдің игілігі үшін қызмет етуге тиіспіз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

### МЕГАПОЛИС



«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН»: АЛМАТЫ – ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР ҚАЛАСЫ

3

### АЛАШТЫҢ АЙЫМДАРЫ



ФАТИМА

12

### #ЕКПЕАЛ



### KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

10.02.2022

Түнде:



-3-5 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта қар, тұман.

Күндіз:



-1-3 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

11.02.2022

Түнде:



-4-6 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



0,+2 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №15 (6150) 10 ақпан, бейсенбі, 2022 жыл.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

## БӘРІМІЗ ЕЛДІҢ ИГІЛІГІ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ЕТУГЕ ТИІСПІЗ

Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысын өткізді



Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен бейнебайланыс режимінде Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті.

Жиынға Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Мемлекеттік хатшы Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің басшысы Мұрат Нұртілеу, Үкімет мүшелері, облыстар мен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдері, орталық мемлекеттік органдардың және ұлттық компаниялардың жетекшілері қатысты.

2

### ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

## КӨКТАЙҒАҚТАН САҚТАНЫҢЫЗ

Алматы қаласында 9 ақпан күні сағат 12.00-де қар жауа бастады. Сағат 18.00-де қалада 10 см., тау бөктері мен таулы аудандарда 15 см. қар жауды.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Көктайғақ құбылыстарының алдын алу мақсатында қар жауа салысымен жолдарға көктайғаққа қарсы материалдар себіледі. 450 тонна пайдаланылды.

Тротуарларды, жаяу жүргіншілер аймақтарын, қоғамдық көлік аялдамаларын, жалпы пайдалану орындарын тазалау бойынша жұмыстар ұйымдастырылды. Қарды сыпыру жұмыстары жүргізілуде. Сағат 18.00-дегі жағдай бойынша 159 текше метр қар шығарылды.

621 бірлік арнайы техника, 201 құмшашқыш

және 1532 жол жұмысшысы жұмылдырылды. Аудандық әкімдіктер мен мердігер ұйымдарда қар тазалау жұмыстарының өндірісін бақылау жөнінде тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылды.

Қазгидрометтің болжамы бойынша 10 ақпанның таңына дейін қар жауады деп күтілуде. Түнде ауа температурасы -4...-6. Тұман, көктайғақ болады.

Алматы қаласының Тұрғын үй саясаты басқармасы.

### ҚЫСҚА...

- Алматыда 10 мыңнан астам бала емізетін ана вакцина салдырды.
- Биыл колледжге түсем деген талапкерлер үшін грант саны 107 мыңға жетеді.
- Алматының Төтенше жағдай департаментінде 262 бос жұмыс орны бар.
- Биыл мегаполисте 50 мың жұмыс орны, оның ішінде 31 мыңнан астамы бизнес есебінен ашылады.
- 2022 жылы қаладағы 2 жолайрығындағы және Әуезов көшесін ұзарту жұмыстары аяқталады.

www.almaty-akshamy.kz



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,  
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына  
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!







Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

# БӘРІМІЗ ЕЛДІҢ ИГІЛІГІ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ЕТУГЕ ТИІСПІЗ

Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысын өткізді

(Соңы. Басы 1-бетте)

## Үкіметтің басты міндеті – халықтың әл-ауқатын арттыру

Мемлекет басшысы жиында сөйлеген сөзінде еліміздің бытырғы әлеуметтік-экономикалық дамуы қорытындыла-нып, биылғы жоспардың талқыланатынын атап өтті.

– Өткен жылы ел экономикасы 4 пайызға өсті. Өңдеу өнеркәсібі 5,5, құрылыс индустриясы 7,6 пайызға артты. Қызмет көрсету саласында оң үрдіс бар. Сауда-саттық 9,2, көлік саласы 3,6 пайызға артты. Дегенмен, инфляция межесі деңгейден асып кетті. Бұл көрсеткіш 8,4 пайыз болды. Өкінішке қарай, қаңтар оқиғалары қалыпты өмірімізді түбегейлі өзгертті. Заңсыз әрекеттердің салдарынан көптеген азаматтарымыз зардап шекті. Шағын және орта бизнес өкілдері шығынға ұшырады. Қазіргі мәліметтер бойынша бизнеске 100 миллиардтан астам теңге көлемінде залал келді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің пандемияға, іскерлік белсенділіктің төмендеуіне және ұлттық қауіпсіздікке төнген сын-қатерлерге байланысты күрделі кезеңді бастан өткеріп отырғанына назар аударды.

– Біз осындай қиын жағдайда ел бірлігінің арқасында мемлекетіміздің қауіпсіздігін, тіпті тұтастығын сақтап қалдық. Қазір Үкіметтің басты міндеті – халықтың әл-ауқатын арттыру, азаматтардың табысындағы алшақтықты азайту және еңбек етуге қолайлы жұмыс орындарын ашу. Бәріміз елдің игілігі үшін қызмет етуге тиіспіз, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, халықтың табысын арттыру және теңсіздікті азайту басым міндеттің бірі.

– Қазіргі таңда 1 миллионға жуық адамның табысы ең төменгі күнкөріс деңгейіне де жетпейді. Бұл – соңғы 10 жылдағы ең нашар көрсеткіш. Қазіргі уақытта менің тапсырмам бойынша Халықтың табысын арттыруға арналған бағдарлама әзірленіп жатыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## Сауда-саттықтағы тиімсіз делдалдыққа тоқтау салатын кез келді

Мемлекет басшысы инфляцияны ауыздықтау мәселесін екінші міндет ретінде атады.

– Сауда-саттықтағы тиімсіз делдалдыққа тоқтау салатын кез келді. Мысалы, 3 миллион адам тұратын Алматы қаласы мен оның төңірегіндегі елді мекен тұрғындары тұтыну тауарларын көбіне «Алтын орда» базарынан алады. Алматы облысы мен Алматы қаласының әкімдеріне Үкіметпен бірлесіп, базарды тексеруді және тәртіп орнатуды тапсырамын. Бұл жер пайдакүнемдер үшін нағыз майшөпке айналып, бұған Алматыдағы қаңтар оқиғасы кезінде анық көз жеткіздік. Бұл – басқа өңірлерге де қатысты мәселе. Қажет болса, бұл жұмысқа құқық қорғау органдары атсалыссын. Екі ай уақыт беремін, – деді Президент.

Мемлекет басшысы экономиканы өркендету үшін қосымша қаражат қарастыру міндетіне де тоқталды.

– Еркін экономикалық аймақтардың көпшілігі инвестиция әкелу үшін тиімді бола алмады деп мен бірнеше рет айттым. Жарты триллион теңгеге жуық ауқымды салықты ынталандыру топтамасына қарамастан жағдай осындай болып тұр. Нәтижесінде не таптық? Соңғы үш жылда еркін экономикалық аймақтарда өндірілген тауар көлемі ішкі жалпы өнімнің 1,5 пайызынан аспайды. Ал экспорттың үлесі жалпы өнімнің 0,1 пайызын ғана құрайды. Осы мәселені реттейтін кез келді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Үкіметке бір айдың ішінде заңға өзгеріс енгізуден бастап, барлық қажетті шараны қабылдауға, соның ішінде іштен және сырттан инвестор тартуға тапсырма берді.

## Кеден бекеттеріндегі қордаланған мәселелерді жедел шешу қажет

Мемлекет басшысы кеден бекеттеріндегі қордаланған мәселелерді жедел шешу қажет деп санайды.

– Тағы да қайталап айтамын: ондағы былықты жөнге келтірмесе, салдары қиын болуы мүмкін. Қытайдың статистикасы мен біздегі көрсеткіштің айырмасы 5,7 миллиард доллар болуы – соның дәлелі. Қазір Қытаймен арадағы кеден бекетінде 12 мыңнан астам көлік электронды кезекте тұр. Құзырлы экономикалық операторлардың заңсыз іс-әрекеті туралы бұған дейін де айттым. Олар кеденнен және басқа да бақылау органдарынан соншама жеңілдікті қалай алып отыр? Не себепті бұл мәселе назардан тыс қалған? Бұл сұрақтарға 10 күннің ішінде нақты әрі толық жауап күтемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент барлық деңгейдегі әкімдердің бюджет дербестігін одан ары арттыруы қажет екеніне арнайы тоқталды. Оның айтуынша, аймақтардың 82 пайызының дотацияда болуы дұрыс емес.

– Мен бұған дейін бюджетаралық қатынастың жаңа жүйесін қалыптастыру туралы тапсырма берген



болатынмын. Осы тапсырманы тағы да естеріңізге саламын, – деді Мемлекет басшысы.

Президент утилизациялық алым мәселесіне де тоқталды.

– Утилизациялық алым бойынша барлық қаражат мемлекет пайдасына түседі деп шештік. Ендігі мәселе – мөлшерлеме деңгейін анықтау. Жұмыс тобы осы мәселені қызу талқылап жатыр. Бірден айтайын, утилизациялық алым қайта қаралады. Бірақ шектен шықпаған жөн. Автоөнеркәсіпті дамытуға жұмсалған ақшаны желге шашудың, ескі автокөліктерді сырттан әкеліп, қалдықтан нарық ашудың қажеті жоқ. Утилизациялық немесе тіркеу алымы түпкі мақсат емес. Бастысы – тұтынушылар үшін автокөліктер мен ауыл шаруашылығы техникасының қолжетімділігін қамтамасыз ету. Өндірушілер мен дистрибьютерлер тарапынан әрекет болады деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## Азаматтар өздері қалаған жерден тұрғын үй тандай алады

Президент жалдамалы тұрғын үйді субсидиялау жөніндегі бастамасын тездетіп жүзеге асыру қажеттігіне де баса мән берді. Бұл бастама өткен жылы іске қосылуы керек еді.

– «Отбасы банк» пен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі субсидия алатындар мен жылжымалы мүлікті жалға берушілер тіркелетін арнайы цифрлық платформаны әзірлеуге тиіс. Азаматтар өздерінің қажеттіліктеріне сәйкес әкімдіктер немесе құрылыс компаниялары айтқан жерден емес, өздері қалаған жерден тұрғын үй тандай алады. Әлеуметтік жағдайы нашар топтар үшін жалға алу шығынының 50 пайызы мөлшеріндегі субсидия мемлекеттен төленеді. Тұрғындар отбасылық бюджеттің артылған ақшасын азық-түлік, білім алу, медицина және тағы басқа қажеттіліктеріне жұмсай алады. Осы жүйе бойынша өтінімдерді қабылдау мерзімін биылғы 1 мамырдан кешіктірмеуді тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Отырыс барысында агроөнеркәсіп кешенін дамыту мәселесіне баса мән берілді.

Президент соңғы 5 жылда ауылшаруашылығын дамытуға 2 триллион теңгеден астам қаражат бөлінгенін еске салды. Алайда, оның айтуынша, субсидия қанша өссе де, бұл салада ауыз толтырып айтатын өзгеріс болған жоқ.

– Субсидия түпкі иесіне жетпей, орта жолда талан-таражға түседі. Тіпті, ауыл шаруашылығына еш қатысы жоқ салалар да оның қызығын көруде. Соңғы жылдары Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі 960 қылмыстық іс тергеген. Соның 54 пайызы субсидияны жымқыруға қатысты болған. Мысалы, жайылымдық жерлерді суландыруға 80 миллиард теңге бөлінді. Бірақ оның тең жартысы желге ұшты. Осы жұмысқа қажетті құрал-жабдықтың бағасы 2-3 есе артық көрсетілген. Тіпті, кей жағдайда қаржыны қағаз жүзінде игере салған, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы осы саланы ретке келтіруді, аграрлық саланың тиімділігін арттыруға бағытталған субсидиялаудың жаңа жүйесін құруды тапсырды.

## Жердің белгілі бір тұлғалардың меншігіне өтіп кетуіне жол берілмейді

Бұдан бөлек, Президент жерді белгілі бір тұлғалардың меншігіне өтіп кетуіне жол бермеу мәселесіне тоқталды.

– Ауыл шаруашылығы министрлігі бір тұлғаға 98 мың гектарға дейін ауыл шаруашылығы жерлерін иемденуге рұқсат беретін қаулы жобасын әзірледі. Бұл өлшеусіз жер

иелену құқығын заңдастыру әрекеті сияқты көрінеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Үкіметке жер учаскелерінің шекті көлемін анықтау үшін сарапшылар мен ғылыми институттардың қатысуымен жұмыс тобын құру тапсырылды. Мұны осы жылдың 1 мамырына дейін бекіту керек.

Президент энергетика кешенін дамытуға тағы бір басым міндеттің бірі ретінде тоқталды. Мемлекет басшысы бытыр осы салада болған дағдарысты еске салды. Атап айтқанда дизель отынының, авиакеросиннің, сұйытылған мұнай газының, электр қуатының тапшылығы байқалды.

## Атом энергетикасының мәнін кәсіби деңгейде түсіндіру қажет

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің энергетикалық қауіпсіздігі мәселесін АЭС салу арқылы тез арада шешу қажет деп санайды.

– Жауапты тұлғалардың атом станциясын салу мәселесі жөніндегі сауалдарға жауап беруден неге жалтара-тындарын түсінбеймін. Шындығын айту керек: егер таза атом энергиясы болмаса, инвестиция тартпақ түгілі, барлық экономикадан да, аймақтық көшбасшылықтан да айырылып қаламыз. Бізге электр қуаты, әсіресе таза атом энергиясы аса қажет. Экономикалық ахуалдан хабары жоқ популисттердің сөзіне ермейік. Атом энергетикасының мәнін кәсіби деңгейде түсіндіру қажет, – деді Президент.

Президент денсаулық сақтау мәселесі жөнінде айта келе, бұл саланың қаржыны көп қажет ететінін атап өтті.

– Қолда бар қаржыны түгендеп, басымдықтарды қайта қарау керек. Бұл – алдағы жобаларға, соның ішінде мемлекет пен жекеменшіктің серіктестігі арқылы салына-тын 20 ауруханаға қатысты мәселе. Оның әрқайсысына жұмсалатын шығын қолданыстағы заманауи ауруханалардың құнынан бірнеше есе артық. Мұндай мемлекет пен жекеменшіктің серіктестігі қажет емес, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін түйіндей келе, мемлекет пен бизнес басшылыққа алуға тиіс қағидаттарды айқындады.

– «Жаңа Қазақстанды» құру үшін түсінікті әрі әділ мемлекеттік саясат жүргізілуі керек. Бұл саясат шенеуніктердің жөндісіздігіне жол бермейді. Бәсекеге және технологияға негізделген экономиканы қалыптастырады. Сонымен бірге, жекеменшікке, адамның құқықтары мен бостандығына қол сұғылмауына заң үстемдігі арқылы кепілдік береді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы билік пен қоғамның адал еңбек пен әділ ынталандыру идеологиясын ұстануы қажет екенін айтты. Бұл идеология компрадорлар мен уақыт өткізіп жүргендердің, масылдардың орнын алмастыруға тиіс.

– Үкіметке шет елге заңсыз шығарылған қаражаттарды және онда сатып алынған активтерді елімізге қайтару жолдары жөнінде ұсыныс әзірлеуге 2 ай уақыт беремін, – деді Президент.

Жиын барысында Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматов, «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Алмасдам Сәтқалиев, Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғасев, Алматы облысының әкімі Қанат Бозымбаев, Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, Қызылорда облысының әкімі Гүлшара Әбдіқалықова, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Ақсақалов сөз сөйледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».





## МЕГАПОЛИС

# «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН»: АЛМАТЫ – ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР ҚАЛАСЫ

Мақсат – қала тұрғындары мен қонақтарының болашаққа деген сенімін қайтарып, толыққанды қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен бейнебайланыс режимінде өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қаңтар оқиғаларынан зардап шеккен бизнес өкілдеріне көмек пен қауіпсіздік шараларын күшейту бойынша жұмыстардың қарқынымен таныстырып, жалпы қаланың даму жолына тоқталды.

Динара  
МҰРАТ

## Көмек көрсету жеңілдетілді

Бүгінгі таңда Қазақстанда зардап шеккен ШОБ субъектілерінің 88%-ы Алматыға тиесілі. Қаланы тезірек қалпына келтіру мен зардап шеккен кәсіпкерлерге қолдау көрсету жөніндегі Президенттің тапсырмасына сәйкес, аталмыш бизнес өкілдері үшін залалды өтеу тәртібі жеңілдетіліп, жедел түрде 5 млн. теңгеге дейінгі өтемақы алуға мүмкіндік туды. Осылайша 1253 ШОБ субъектісі немесе 82%-ы алдағы 2-3 апта ішінде өтемақыны толықтай алады. Қалған 274 нысанға қажетті сараптамалар мен бағалардың нәтижелері шыққанда қаржы бөлінеді.

«Бүгінгі күні 260 өтінім бойынша 456 млн. теңгеге өтем төленді, оның ішінде Kaspi акционерлерінен, Jysan Bank меншікті қаражаты есебінен құрылған «Жаңа Алатау» қорының және «Күшіміз – бірлікте» қорының қаражатынан 300 млн. теңгеге 158 өтінім қарастырылды», – деп түсіндірді қала әкімі.

Жалпы, әкімдік болжамына сәйкес, барлық зардап шеккен 1527 кәсіпкерден 3 млн. теңгеге дейінгі залал сомасы бар 675 кәсіпкерге (салық айналымы бойынша растауы жоқ) ағымдағы жылғы 21 ақпанға дейінгі мерзімде қаланың қайырымдылық қорлары арқылы өтемақы төленеді.

## Қауіпсіздік – басты бағдар

Қаңтар оқиғалары қаланың қауіпсіздік жүйелерінің жұмысын тиімді үйлестірудің аса қажет екенін көрсетті. Мемлекет басшысы тапсырмасына сәйкес, қазіргі басты міндет – қала тұрғындары мен қонақтарының болашаққа деген сенімін қайтарып, толыққанды қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Соған сәйкес, алдымен қала бойынша істен шыққан 587 бақылау камерасының жұмысы жедел қалпына келтірілді. 2022 жылдың маусымына дейін қосымша жұртшылық көп жиналатын жерлерде 3050 камера қосылады және қаланың шалғай аудандарында тағы 200 «Сергек» кешені (800-ге жуық камера) орнатылады.

Одан бөлек, қала әкімі көшелер мен аулаларды жарықтандыру мәселелеріне ерекше назар аударылатынын атап өтіп, биыл 1066 жұмыс істейтін жарықтандырылмаған көшелер мен 486 аула аумағында сыртқы жарықтандыру құрылысы толықтай аяқталатынын хабарлады.



## Экономика – әлеумет тірегі

Мемлекет басшысы 12 қаңтарда қала активімен кездесуде 2022 жылы Алматы әкімдігі үшін негізгі міндеттер қаланы одан әрі сапалы және тұрақты дамытуды қамтамасыз ету, халықтың өмір сүру сапасы мен нақты табысын арттыру мәселелері болатынын айтқан. Сондықтан алда экономикалық әлеуетті көтеру мен алматылықтардың әлауқатын жақсарту міндеті тұр.

Алматы қаласы экономикасының 80%-ын қызмет көрсету мен сауда салалары алып отыр. Яғни шағын және орта бизнес. Осы ретте қала әкімі қолданыстағы Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде кәсіпкерлерді қолдау шараларына қосымша жергілікті бюджет қаражаты есебінен «Almaty Business-2025» өңірлік бағдарламасын қаржыландыру 12 млрд. теңгеден 20 млрд. теңгеге дейін ұлғайтылатынын хабарлады.

2022 жылы халықтың нақты табысының 5%-ға дейін өсуін, ЖӨӨ-нің 4,5%-дан кем емес деңгейде өсуін қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

## Бағаны тұрақтандыру

Соңғы кездері азық-түлік бағасының күрт өсуі алматылықтарды жиі алаңдатады. Әсіресе, соңғы оқиғалардан кейін. Қазір қала әкімдігімен бағаны тұрақтандыру бойынша бірқатар шаралар жүргізілуде.

«2021 жылы жергілікті бюджеттен 11 млрд. теңге бөлінді. Бүгінгі таңда қала базарларындағы «айналым схемасы» мен «әлеуметтік дүкендер» аясында қаржыландыруды едәуір ұлғайту қарастырылуда. Шешім ақпан айының соңына дейін қабылданады», – деп түсіндірді қала басшысы.

Азық-түлікті «үй жанындағы дүкендерге» тікелей жеткізуге 204 келісім-шарт, нан, күнбағыс майы және қарақұмық өндірушілерімен дүкендерге белгіленген бағаммен жеткізу бойынша 19 меморандум жасалды.

## Қанша мектеп пен балабақша салынады?

Жиын барысында Ерболат Досаев әлеуметтік мәселелерге де кеңінен тоқталып, қала халқының қарқынды өсуімен, мектептер мен балабақшаларда орын тапшылығы мәселесі шешімін таппай келе жатқанын жеткізді.

«Соңғы мәліметтерге сәйкес, оқушы орындарының тапшылығы 19 611 адамды құрайды. Тапшылықты одан әрі төмендету мақсатында 2022 жылы 46 орта білім беру нысанының құрылысы жалғасатын болады, оның 22-сі биыл пайдалануға беріледі», – деп мәлімдеді әкім.

Биыл «Балалар жылы» аясында Алматыда балабақшаларға кезектілікті төмендету үшін 10 340 орынды 82 мектепке дейінгі мекеме ашу бойынша жұмыс басталады, оның ішінде 60 жекеменшік балабақша және 6560 орынды 2 мемлекеттік балабақша 2022 жылы ашылатын болады.

Қала әкімі бүгінде 207 мемлекеттік мектептің барлығы қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтінін айтты. Сондықтан осы наурыз айында 2 жылдық бағдарлама қабылданады. Оны іске асыру нәтижесінде 2023 жылдың 1 қыркүйегіне дейін қаланың барлық мектептерінде бейнебақылау камераларын ауыстыру, туриктер мен дабыл түймелерін орнату мәселелері толық шешілетін болады.

## Таза ауа мәселесі

Қаланың экологиялық жағдайын жақсарту алматылықтардың сапалы өмір сүруін қамтамасыз етудің басты өлшемі әрі олардың көңіл күйіне айтарлықтай әсер етеді.

Алматыда ауа ластануының негізгі көздері: көлік – 56%, ЖЭО және өнеркәсіптік кәсіпорындар – 39%, жеке тұрғын үй секторы – 5% болып табылады.

Қала әкімі бұл ретте бар күш қоғамдық көлікті одан әрі дамыту жылжымалы құрамның экологиялық түрлерін сатып алуға ғана бағытталатынын жеткізді. Ағымдағы

жылдың 1 тоқсанында 300 бірлік қоғамдық газ көлігі сатып алынады, бұл экологиялық таза көліктің үлесін (30%-дан) 37,4%-ға дейін арттырады.

Шаһарымызда 1 млн. ағаш отырғызу бойынша «Жасыл Алматы» бағдарламасын іске асыру жалғастырылады, биыл 300 мыңнан астам көшет отырғызылады. Бір тұрғынға жасыл желектер алаңының көрсеткіші (7,7-ден) 12 м²-ге дейін артады.

Одан бөлек, Ерболат Досаев Мемлекет басшысы алдағы 2 жылдың ішінде қосымша 1 млн. ағаш отырғызу үшін «Жасыл Алматы» бағдарламасын ұзарту жөніндегі бастаманы қолдауын сұрады.

## Ыңғайлы қала

Халық саны өсуі мен миграцияның ұлғаюы салдарынан көлік, әлеуметтік, тұрғын үй және өзге де инфрақұрылымды дамыту мәселесі өткір тұр. Қала әкімінің мәлімдемесіне сәйкес, «Жаңа Алматы» дамудың кешенді жоспары аясында кемінде 100 шақырым жаңа жол салынады. Алайда, ішінара кейбір жоспарлар өзгеріске ұшырамақ.

«Мен бұрын әл-Фараби даңғылын ШААЖ-нан Саин көшесіне дейін орташа жөндеуге жоспарланған 2 млрд. теңгені қаланың аса мұқтаж аудандарындағы жолдарды салуға және жөндеуге қайта бөлу туралы шешім қабылдағанымды баяндағым келеді», – деп Ерболат Досаев.

Сонымен, 2022 жылы Әуезов көшесіндегі жөндеу жұмыстары толығымен аяқталады. Ағымдағы жылдың мамыр айында жоспарланған 2 метро станциясын іске қосу күнделікті жолаушылар ағынын 30 мыңнан 86 мыңға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

## Кешенді жоспар

Шаһар басшысы бұған дейін бірнеше рет Алматының даму стратегиясын қайта қарау керек екенін, аз мерзімді уақытқа жоспар құру мәселесін көтерген болатын. Аталмыш Үкімет отырысында да бұл тақырып шет қалмады.

«Осы жылдың 15 наурызына дейін біздің тұрғындар мен үкіметтік емес ұйымдардың (ҰЕҰ) өтініштері бойынша жиналып қалған проблемаларды тездетіп шешу мақсатында «Жаңа Алматы» кешенді даму жоспарының әжеке-баба бағыттары қайта қаралатын болады», – деп хабарлады шаһар басшысы.

Сонымен қатар, жаңа аудандарды дамыту үшін 2022 жылы шамамен 62 мың тұрғынды қамти отырып, сумен жабдықтау және кәріз желілерінің 18 нысанының құрылысы аяқталады.

Аудан бюджеті есебінен Қарғалы өзенінде су тарту құрылысы аяқталады, бұл Наурызбай ауданының 50 мың тұрғынын сумен қамтамасыз етеді.

Ағымдағы жылы ұзындығы 147,2 шақырым болатын электр желілерін қайта жаңарту және 2 қосалқы станцияның құрылысы аяқталады, бұл қаланың 400 мың тұрғынын тұрақты әрі үздіксіз электр қуатымен қамтамасыз етеді.

Қала әкімі 2022 жылы 313 аулаға жөндеу жүргізу жоспарланып отырғанын, бұл Алматыдағы аулаларды 100% абаттандыруды қамтамасыз ететінін айтты.

## САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматы экономикасына салынған инвестиция көлемі  
**1 трлн. 200 млрд. теңгеге** жуықтады.



Биыл **1066** көше мен **486** аулада сыртқы жарықтандыру жұмыстары аяқталады.



Ағымдағы жылы **50 000-ға** жуық жұмыс орны ашылады.



Алматының экологиясын жақсарту мақсатында 1-жартыжылдықта газбен жүретін **300** қоғамдық көлік сатып алынады.





МӘСЕЛЕ



Айжан  
БҮРКІТБАЕВА

Қазіргі таңда тың идеялар миллион долларға бағаланады деуге болады. Олай деуіміздің себебі, әлемнің көптеген елдерінде шығармашылық қызмет пен зияткерлік меншік құқығын басқару (компьютерлік ойындар, киберспорт, музыка, кино, сән, жарнама, медиа, сәулет, музыка және т.б.) есебінен қосымша құн қалыптасатын креативті индустрия ерекше маңызға ие.

Креативті индустрия – әлемдік экономиканың ең дамушы секторларының бірі. Алайда, оған қандай салалар кіретіні туралы нақты анықтама жоқ. Креативті экономикаға, көп жағдайда мәдениетке байланысты барлық дерлік: музыка, театр, әдебиет, кино, сән, жаңа технологиялармен байланысты компьютерлік ойындарды дамытуды жатқызады. Ал көптеген елдерде креативті индустрия гастрономия мен туризмнің дамуымен тікелей байланыстырылады. Дегенмен, елімізде енді ғана қарқын алып келе жатқан экономиканың жаңа саласын шығармашылықпен ғана шектеп қоюға болмайды. Оған мынадай қарапайым мысал келтіре аламыз. Мәселен, Алматыда, шамамен, үлкенді-кішілі 50-ден аса «burger» дайындайтын орын бар. Байқасаңыз, көп жағдайда тағам құрамы бірдей. Егер, сіз «burger-ді» бауырсақ, қазы және авторлық тұздықпен дайындайтын болсаңыз, бұл қызметті шығармашылық деп санауға әбден болады. Демек, бұл – креативті индустрия.

Жалпы алғанда, креативті және мәдени индустриялар урбанизмге, өндіріс, тұтыну, тұрақты даму, жасыл экономика салаларын дамытумен қатар қалалардың өркендеуіне арналған ең маңызды жаһандық макро трендтердің бірі болып табылады.

ЮНЕСКО-ның статистикасына сүйенсек, 2018 жылы 30 млн.-ға жуық адам жұмыс істейтін жаһандық креативті индустриялардың түсім көлемі \$2,3 трлн.-ды және ағымдағы жылы әлемдік ЖІӨ-нің 10%-ын құраған. Бұл дегеніміз, креативті индустрия жаһандық экономиканың жан-даныуына жол ашып жатыр деген сөз.

Қазақстан да жаңашыл бағыттан қалыс

# КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ



қалып жатқан жоқ. Еліміздегі шығармашылық иелері де халықаралық нарықта бәсекеге қабілетті креативті өнім шығара алатынын дәлелдеп келеді. Сандарды сойлесек, 2019 жылы Қазақстанның шығармашылық индустрияларының экспорт көлемі 247 млн. доллардан асып жығылған. Бүгінде ел экономикасында креативті сектордың үлесі 2,8 %-ды құрайды. Егер тиімді мемлекеттік саясат жүргізсек, алдағы 10 жыл ішінде бұл көрсеткішті 10 %-ға дейін жеткізуге болады.

Нақтырақ айтсақ, ең алдымен, төл туындыларымызды дамыту керек. Мысалы, Түркия экономикасы кино индустриясы арқылы орасан зор пайдаяға кенеліп отыр. Forbes Türkiye дерегі бойынша, олар 2018 жылы сериалдарын экспорттау арқылы 500 миллион доллар пайда тапқан. Бір ғана «Ғаламат ғасыр» телехикаясы 100-ден астам елге сатылып, сериал түсірілген аймақты көру үшін туристер Түркияға ағылған.

Екінші – еліміздегі тарихи орындарды туристер мекеніне айналдыруға болады. Жалпы, Қазақстан – тарихи ошаққа бай ел.

Зерттеуіміз бойынша, креативті индустрияға бай қалалар қатарына Алматы мен Нұр-Сұлтанды жатқызуға болады.

Тарихи тұрғыдан алғанда, аталған қалаларда театрлар, мұражайлар, киностудиялар, өндірістік студиялар және өнер мен мәдениет саласындағы жоғары оқу орындары сияқты туристерді тартатын мәдени ұйымдар мен тарихи орындар көп. Олардың қатарына Түркістан қаласын да қосуға болады. Алайда, елдегі туризмге келгенде бізде жарнама жағы ақсап тұр. Егер осы бағытты дамытсақ, онда біздің ел саяхатшылар сарқылмайтын мекенге айналары анық. Міне, креативті индустрияны іске қосып, экономикаға пайда түсірудің қарапайым мысалы – осы.

### Индустрия артып, туризм дами

Креативті экономиканы зерттеуші Ақылбек Жақсылықтың айтуынша, Алматыда 8 басты креативті индустриялар анықталған және қазіргі таңда осы бағыттарға баса назар аударылып отыр.

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОРЫ

## Қоржын толығып келеді



Ақтолқын  
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Qazaqstanhalqyna.kz сайты іске қосылғаннан бері «Қазақстан халқына» қорына 13 мыңнан астам өтініш келіп түсті.

Жалпы, бүгінде қорда 115 миллиард теңгеден астам қаражат жинақталған. Шұғыл әрекет етуді талап ететін мәселелер бойынша сараптамалық комитеттер жұмыс істеуде. Сонымен қатар, сайт пен әлеуметтік желідегі мессенджерлерге үй сатып алу, несие және басқа да қаржылық займдар бойынша міндеттемелерді төлеу, отбасылық іс-шаралар мен мерекелік шаралардың қаражатын өтеу туралы өтініштер әлі де түсуде.

Қамқоршылық кеңесі «Қазақстан халқы» қорының негізгі міндеттерін көрсететін тұжырымдаманы бекітті. Осылайша құжатқа сәйкес, қордың қызметі болашақта аурулардың және мүгедектіктің ықтимал дамуын

болдырмау мақсатында сәбилерге медициналық қызмет көрсетуді дамытуға және оның қолжетімділігін арттыруға жәрдемдесуге, спорт және білім беру инфрақұрылымы, сондай-ақ балаларға арналған басқа да әлеуметтік маңызы бар қызметтерінің қолжетімділігін арттыруға бағытталған. Сондай-ақ, қор мүгедек, науқас немесе әлеуметтік бейімделу проблемалары бар баланы асырап алған, қорғаншылық немесе патронаждық тәрбиені ұйымдастырған отбасыларға көмек көрсетумен және аз қамтылған отбасылардағы балаларға көмек көрсету үшін мектептермен өзара іс-қимыл жасаумен айналысады.

Сонымен қатар, тізімге Қазақстанның аумақтық тұтастығы мен қауіпсіздігін қорғау немесе адамдардың өмірін сақтап қалу және зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсету кезінде қайтыс болған немесе ауыр жарақат алған құқық қорғау органдары, арнайы органдар, ҰҚК қызметкерлерінің отбасыларына, әскери қызметшілеріне, төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккен адамдарға қолдау көрсету кіреді.

«Бұл қызмет бағыттарын Қамқоршылық кеңес бекітті, ал басқа салалар Қор қызметіндегі басым бағыттарға жатпайды. Сондай-ақ, біз азаматтардың қаржылық проблемалары болуы мүмкін екенін түсінеміз. Алайда, бұл мәселелердің барлығын қор шеше алмайды. Сондықтан тұжырымдамада көрсетілген қызмет бағыттарын мұқият оқып шығуыңызды сұраймыз», – деді «Қазақстан халқына» қорының ресми өкілі Әлібек Әбділов.

ӘЛЕУМЕТ



## АЛАЯҚТАР

«Қазақстан халқына» да ауыз салғысы келеді



Нұржамал  
ӘЛІШЕВА

Бүгінде үйіңізде отырған сізге де қоңырау шалып, «банктеміз» немесе «әлдебір компаниядан-быз» деп жеке басыңызға қатысты құжаттардың нөмірін сұрайтын күмәнді адамдар қаптап кеткен.

Саусақ қимылдатпай-ақ оңай олжаға келе кеткісі келетін алаяқтар енді қайырымдылық ұйымдарының бірыңғай платформасын пайдаланып, қазақстандықтар атына несие рәсімдеуге ұмтылып жатқан көрінеді. Бұл туралы күні кеше ғана құрылған «Қазақстан халқына» қорының баспасөз қызметі хабарлады.

Тек демалыс күндері «Атамекен» ҰКП байланыс орталығына осындай шағымдармен 250 адам жүгінсе, дүйсенбіде, яғни 7 ақпанда осы тектес тағы 186 қоңырау түскен. Мәселен, өтініштердің бірінде Шымкент тұрғыны

– Мегполистегі креативті индустрияның бірінші бағыты – кино және анимация. Алматы кино өндірісі үшін қолайлы қала болып табылады. Қалада орта есеппен жылдың 220 күнінде ауа райы жылы. Бес климаттық аймақ, керемет пейзаждар мен дамыған инфрақұрылым кез келген жанрдағы, айталық, тарихидан фэнтезиге дейінгі фильмдерді түсіруге зор мүмкіндіктер береді.

Қазірдің өзінде Алматы мен Алматы облысын әлемнің түрлі елдерінен бейнебаяндар, жарнама мен деректі фильмдер түсіру үшін студиялар келуде. Екінші бағыт – музыка. Алматы – «музыка» бағыты бойынша ЮНЕСКО-ның креативті қалалар желісіне кіретін Орталық Азиядағы жалғыз қала. Біздің орындаушыларымыз ішкі және сыртқы нарықта сұранысқа ие туындылар жасай алатынын сан мәрте дәлелдеді. Үшінші бағыт – әдебиет. Бүгінде бұл индустрия басқаларына қарағанда мемлекеттік қолдауды көбірек қажет етеді. Төртінші бағыт – театр, опера, балет. Классикалық өнерді дамыту мен оларды дотациялау деңгейін төмендету үшін Алматыда арнайы қаланың театр өнерін дамыту стратегиясы жасалуы керек. Алматының мәдени мұрасы мен білім базасын ескерсек, қаланың Орталық Азиядағы сахна өнерінің орталығы болуға толық мүмкіндігі бар. Осылайша орталық-азиялық аймақтың түкпір-түкпірінен осы өнер түрлерін сүйетіндерді тартуға болады.

Бесінші бағыт – дизайн және сәулет. Алматы – қазақстандық сәулетшілерді дайындайтын ең басты орталық. Алтыншы – сән. Жетінші – жаңа медиа және цифрлық мәдениет. Жаңа медиа – бұл Алматыда пайда болып, қарқынды дамып келе жатқан интерактивті электрондық басылымдар. Оның дамуы әлеуметтік желілер мен блог-платформалар танымалдығының артуына да тікелей серпін берді. Сегізінші бағыт – ойын-сауық индустриясы: қоғамдық кеңістіктер, музейлер. Осы бағыттарды қолға алу арқылы тек индустрияны арттырып қана қоймай, туризмді де дамытамыз, – дейді экономист А.Жақсылық.

atamekenim.kz сайтында көмекке өтініш беріп, барлық мәліметті толтырғаннан кейін, экранда несиенің сәтті өңделгені туралы ақпарат пайда болған, содан кейін оған одан әрі ақшалай несие рәсімдеу туралы ұсыныспен бейнеқоңырау шалынған.

Осыған ұқсас оқиға Өскеменде де тіркелген. Онда қала тұрғынына электронды үкіметтің жалған порталы атынан SMS хабарлама жіберіліп, одан кейін ақшалай көмек түрінде 1 166 000 теңге алу үшін жолданған SMS кодын атауды сұраған алаяқ телефон соққан.

Осыған дейін де Қордың әлеуметтік желідегі мессенджерлеріне қор атынан, «Қазақстан халқына» қоры атынан телефон соққан алаяқтар төлеуге уәде еткен 42 500 теңге көлеміндегі әлеуметтік жәрдемақыға қатысты сұрақтар келіп түскен екен.

«Қор мессенджерлер арқылы бейне немесе аудио қоңыраулар жасамайды. Жалғыз байланыс құралы – qazaqstanhalqyna.kz сайты және atamekenim.kz қайырымдылық ұйымдарының бірыңғай платформасы. Біз азаматтардың ешбір қауесетке сенбеуін және алаяқ ұйымдардың арандатуына құлақ аспауын сұраймыз. Тек ресми ақпаратқа сеніңіздер», – дейді «Қазақстан халқына» қорының ресми өкілі Әлібек Әбділов.

Осы орайда айта кетсек, Мемлекет басшысының жедел тапсырмасымен құрылған «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қорының таяуда qazaqstanhalqyna.kz арнайы сайты іске қосылды. Енді көмекке мұқтаж азаматтар өз өтініштерін цифрлық платформа арқылы жолдай алады. Қайырымды де-меушілерден де ұсыныстар қабылданады. Бұл үшін сайттың «Өтінішті қалай бере аламын» бөліміне кіріп, тиісті батырманы басу қажет. Пайдаланушылар бірден atamekenim.kz қайырымдылық ұйымдарының бірыңғай платформасына қосылады. Сайт электрондық үкімет порталының кейбір мәліметтер базасымен біріктірілген. Қазір мұнда 86 қайырымдылық ұйым тіркелген.



## ШАҢАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

# ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУ – ӨМІР СҮРУ САПАСЫН ЖАҚСARTU

Қалаға қосылған аумақтар мен жаңадан құрылған шағынаудандарды инфрақұрылымдық дамыту, сондай-ақ, жайлы өмір сүру үшін маңызды басқа да түйткілді мәселелерді шешуге арналған «Жаңа Алматы» кешенді жоспары аясында қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Көлік, кәсіпкерлік және әлеуметтік

инфрақұрылымды жақсартуға бағытталған жоспар аталмыш 286 жобаны қамтиды. Бұл бағытта соңғы екі жыл ішінде қолға алынған 178 жоба аяқталып, қазіргі уақытта 177-сі іске асыру сатысында жұмыс атқарылуда. Ал 73-і алдағы жылдарға жоспарланған. Аталмыш жобаларды жылдық қаржыландыру жоспар бойынша 200 млрд. теңгеге жуықтайды.



- Бүгінде халықтың 98,3%-ы орталықтандырылған сумен, 85,7%-ы кәріз желісіне қосылған.
- Газ құбырлары желілерінің ұзындығы 5,9 мың шақырымды құрайды. Бүгінде тұрғындардың 99,2%-ы көгілдір отын игілігін көруде.
- Қала бойынша жылу желілерінің ұзындығы 1284 шақырымды құрайды.
- Алматыдағы электр желілерінің жалпы ұзындығы 8 мың шақырымнан асады. Бүгінде шамамен 65 %-ының тозығы шыққан.



## Көгілдір отын игілігі

Бүгінде тұрғындардың 99,2%-ы орталықтандырылған газбен қамтылған. Алайда, 1497 тұрғын үй, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал топтары қосылмаған күйінде қалып отыр. Бұл ретте қалалық бюджет есебінен әлеуметтік осал топтағы отбасыларды газға қосу туралы шешім қабылданған.

2-ЖЭО газдандыру мәселесі шешілді.

Бүгінде жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде. Жұмыс кестесіне сәйкес жаңғырту жұмыстары 2025 жылға дейін аяқталатын болады. Жекеменшік секторды газдандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Ауқымды істің барлығы 2022 жылы Алматы тұрғындарын толық газдандыру мақсатында жоспарланып отыр.

## А Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Өткен жылы тұрғындардың 98,5% орталықтандырылған суға қосылса, тұрғын үйлер 99,2 % газбен қамтылды. 2021 жылы 424 шақырымнан астам электр желілері қайта жаңғыртылып, бұрын мүлде жарығы болмаған 2024 көше жарықтандырылды. Бостандық ауданында қуаты 64 МВт «Каскад» қосалқы станциясының құрылысы аяқталды.

Биыл 14 шағынауданда су құбыры және кәріз желілерінің құрылысы жалғасады. Оның алтауында жұмыс жаңадан басталмақ. Сондай-ақ, «Шаңырақ-1», «Қарасу», «Ақжар», «Шұғыла», «Жас қанат» ықшамаудандарын қоса алғанда, шеткі аймақтарда 18 су құбыры және кәріз желілерінің құрылысы аяқталады.

Ағымдағы жылы «Қарғалы», «Қарағайлы», «Құрамыс», «Таусамалы» ықшамаудандарындағы 50 мың тұрғынды су-

мен қамтамасыз ететін «Қарғалы» өзенінен су тарту стансасының құрылысы аяқталады. «Ақсай» өзені мен «Ерменсай» шағынауданында тағы екі су тарту стансаларының құрылысы басталады. Бұл «Ақжар», «Ақтөбе», «Ерменсай», «Нұрлытау», «Ремизовка», «Таужолы», «Тастыбұлақ», «Шұғыла» шағынаудандарының және Алматы облысындағы «Қырғауылды» ауылының 100 мыңнан астам тұрғынын сумен қамтитын болады. Бұдан басқа, «Қарғалы» өзенінде жобалық қуаты тәулігіне 15 мың м³ су алатын су тарту стансасының құрылысы жүріп жатыр.

«Ақсай» өзеніндегі жерүсті көзі бойынша 2022 жылы жобалық қуаты тәулігіне 22 мың м³ су тарту құрылысын салу жоспарлануда. Бостандық ауданында жобалық қуаты тәулігіне 9 мың м³ су жинау нысаны мен «Ерменсай» су дайындау станциясының құрылысы жобалануда. Сараптама қорытындысын алу 2022 жылдың наурыз айына жоспарланған.



- 334,1 шақырым иесіз электр желілері мен 202 трансформаторлық қосалқы стансалар коммуналдық меншікке өтті.
- Алматыда 3,8 мыңнан астам тұрғын үй көгілдір отынмен қамтамасыз етіліп, нәтижесінде халықтың 99,2% орталықтандырылған газ жүйесімен қамтамасыз етілген.

## Жайлы әрі жарық

«Шетсіз қала» тұжырымдамасы аясында сыртқы жарықтандыруға ерекше көңіл бөлінген. Мәселен, биыл 1066 жартылай жарықтандырылмаған көшелер мен 486 аула аумақтарында сыртқы жарықтандыру құрылысы аяқталады. Осы жыл ішінде 24 көшені жарықтандыруды жаңғырту бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Сондай-ақ, ағымдағы жылы Медеу, Алатау және Наурызбай аудандарында ұзындығы 147,2 шақырым электр желілерін қайта жаңарту аяқталады.

Екі жаңа подстансаның құрылысы жүргізілуде. Олар:

- Бостандық ауданындағы 200 мыңға жуық тұтынушыны қамтитын қуаттылығы 100 МВт «Алмагүл» қосалқы станциясы;
- Медеу мен Түрксіб ауданындағы 200 мыңға жуық тұтынушыны қамтитын қуаттылығы 64 МВт

«Тұздыбастау» қосалқы стансасы. Бұл жалпы алғанда 400 мың тұрғынды сенімді және үздіксіз электрмен қамтамасыз етеді деп күтілуде.

Жетісу ауданындағы жалпы қуаты 50 МВт болатын «Кирпичная» қосалқы станциясы бойынша конкурстық процедуралар басталды.

Осы тұста жылумен үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз ету және жылу энергиясының тапшылығын жою үшін қазандықтардың қуатын арттыру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өткен жөн. 2019 жылы басталған негізгі және қосалқы жабдықты ауыстыра отырып, «Оңтүстік аудандық қазандықты» қайта жаңарту 55 Гкал/сағ қуат өсімін қамтамасыз етуде. Бұдан басқа, өткен жылы қуаттылығы 100 Гкал/сағ. қамтитын «Премьера» қазандығын кеңейту бойынша жұмыстар басталған.

## Сыртқы жарықтандырудың жалпы сипаттамасы

Алатау ауданында – 39789

Алмалы ауданында – 17 554

Әуезов ауданында – 14 814

Бостандық ауданында – 16 672

Жетісу ауданында – 18 361

Медеу ауданында – 18967

Наурызбай ауданында – 13 062

Түрксіб ауданында – 26 372  
жарық нүктелері бар.



Ұзындығы:  
4815,7  
шақырым



Жарықшамдардың  
саны: 165 596 дана  
LED-шамдар – 62%  
ТКҚ шамдар – 38%



Сыртқы  
жарықтандыруды  
басқару  
шкафтары –  
1521 дана.

## «Жаңа Алматы» кешенді жоспары аясында



Тұрғындардың 98,5%-ы  
орталықтандырылған  
су жүйесіне қосылған.



Қала халқының  
99,2%-ы орталықтандырылған  
газбен қамтылған.





## БРИФИНГ

## ШТАТТЫҚ ЖҰМЫС ОРНЫ АРТТЫ

Алматы қалалық Төтенше жағдайлар департаментінде  
262 бос жұмыс орны барАқтолқын  
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің онлайн брифингінде ТЖД кадр саясаты басқармасының басшысы Сәуле Шакалова хабарлады. Оның айтуынша, ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес осы жылдың басынан бері Алматы қаласы ТЖД-нің өрт сөндіру мен апаттық қызметінде штаттық жұмыс орны артты.

«Осыған байланысты қатардағы және кіші басқарушы құрамды қосқанда 262 бос орын бар. Атап айтқанда, өрт сөндірушілер, жүргізушілер және радиотелефоншылар», – дейді спикер. Сонымен қа-

тар, ол азаматтық қорғау органдарына жұмысшылар қандай тәртіппен іріктеп алынатынын айтып берді. «Бізге 18 бен 35 жас аралығындағы азаматтар жұмысқа орналаса алады. Олар әскери борышын өтеген немесе ҚР-ның заңына сай әскери міндетін кейінге шегерген болуы қажет. Білімі орташадан төмен болмауы керек. Сондай-ақ, кәсіпкерлікпен айналыспайтын және қылмыстық жауапқа тартылмаған болуы шарт. Азамат өзінің жеке және іскерлік қасиеттерімен дене дайындығы мен денсаулық жағдайы бойынша өзіне жүктелген қызметтік міндеттерді орындауға қабілетті болуы керек», – дейді Сәуле Шакалова.

Кадр саясаты басқармасының басшысы қызметке кіру үшін азаматтар «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған біліктілік талаптарына сәйкес келуі қажет

екенін атап өтті. «Азаматтарды қызметке іріктеу бірнеше кезеңнен тұрады. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын білуге тест тапсыру, әскери-дәрігерлік комиссиядан өту, дене шынықтыру даярлығы нормативтерін тапсыру. Барлық кезеңдерден ойдағыдай өткен үміткер бастапқы кәсіби дайындықтан өту үшін Алматы қаласында орналасқан Оқу орталығына жіберіледі. Оқу орталығына қатысып жатқандар үш уақыт тамақпен және жатын орынмен қамтамасыз етіледі. Оған қоса, 100 мың теңге көлемінде еңбекақы төленеді», – деді С.Шакалова.

Өрт сөндірушілер үшін бастапқы кәсіби дайындық – 35 күнтізбе күні. Жүргізушілер үшін – 14 күн, өзге қызметтер бойынша – 7 күнді құрайды. Сәуле Шакалова әйелдердің де ТЖД-не, мысалы, радиотелефонист болып орналаса алатынын айтты. Спикер елімізде офицерлер кадрларын дайындайтын жоғары оқу орны – Көкшетау қаласында Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғаныс академиясы бар екенін айтты. Курсанттарды оқыту республикалық бюджет есебінен жүргізіледі. Курсанттар тегін киім-кешекпен, тамақпен, стипендиямен қамтамасыз етіледі. Академияны тәмамдаған соң оларға «Азаматтық қорғаныс лейтенанты» атағы беріліп, жұмысқа міндетті түрде орналастырылады. Кандидаттарды іріктеу жыл сайын ТЖД қаңтар мен мамыр айында жүргізіледі», – деп хабарлады ТЖД кадр саясаты басқармасының басшысы.

## ЖАЙЛАУ

Жануарлар әлеміне  
бай мекенАйжан  
БҮРКІТБАЕВАКөкжайлау шатқалы  
Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық паркіне  
қайтарылды.

Көкжайлаудың басым бөлігін қылқан жапырақты шырша ормандарының бірегей экожүйелері мен ландшафттар алып жатыр. Көкжайлау ландшафттарының эстетикалық құндылығы, әсіресе Құмбел жотасының төменгі бөлігінде жақсы сақталған. Көкжайлаудың қойнауында ҚР Қызыл кітабына енген Шренк шыршасының жатаған пішіні (стланниковая форма) Сиверс алмасы, Алатау өрігі, орташа пион, Виттрок рауғашы, Островский қызғалдағы, Алатау бәйшегі сынды т.б. өсімдіктер өседі.

Сондай-ақ, бұл мекен жануарлар әлеміне де бай. Сүтқоректілердің 57 түрі, құстардың 200 түрі, бауырымен жорғалаушылардың 4, қосмекенділердің 3 және балықтардың 4 түрі кездеседі.

Көкжайлаудың тұмса табиғаты туризм үшін де қолайлы. Мәселен, келушілер Медеу жағынан да, Ал-

ма-арасан шатқалы жағынан да оңай көтеріліп, табиғи ландшафты қызықтай алады.

2014 жылы Үкіметтің қаулысымен жалпы аумағы 1002 гектар Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің жері айрықша қорғалатын табиғи аумақ санатынан Алматы қаласының Медеу ауданының қоры санатына «Көкжайлау» тау шаңғысы курортының құрылысы мен жұмыс істеуі үшін берілген болатын. 2019 жылғы қазанда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жұртшылықтың пікірін ескере келіп, «Көкжайлау» шатқалында тау шаңғысы курортын салу жобасына тыйым салған. 2021 жылдың қазан айында Көкжайлау шатқалында орналасқан 1002 гектар жер учаскесін Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық паркіне қайтару мәселесін қарастыру жөніндегі комиссия құрылды. «Комиссия мүшелері мемлекеттік экологиялық сараптама-ның қорытындысына сәйкес ерекше қорғалатын табиғи аумақтар санатына қайтаруды заңды деп санады. Көкжайлау шатқалының табиғи байлығын сақтап қалу – біздің ортақ міндетіміз», – деп жазды ведомстводан.

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ САРАПТАМА

## АЛМАТЫНЫҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК БЕЛДЕУІ

қала тұрғындарын қажетті тауарлармен қамти ала ма?

Қарапайым халық үшін бүгінгі таңның басты проблемасы азық-түлік пен оның бағасы болып тұр. Деректер бойынша республика халқының тең жартысы табысының 50 пайызын азық-түлікке жұмсайды екен. Кереметі сонда, Алматыдағы көрсеткіш бұдан сәл төменірек, яғни қала тұрғындары тапқан табысының үштен бірін ғана күнделікті тұтынатын тамаққа жұмсайтын көрінеді.

Жалпы, оңтүстік астананың азық-түлік тұтыну мөлшері кішігірім бір мемлекеттің көрсеткішіне жақындап қалады. Нақтырақ айтқанда, алматылықтар «қу қарынның қамы үшін» жылына 600 миллиардтан астам қаржы жұмсайды екен.

Өздеріңіз көріп отырғандай, біріншіден, бұл жерде тағы да алдыңғы планға баға мен нарық шығады.

Жасыратыны жоқ, негізінен, бұған дейін шаһарға өңірлерден, шет елден әкелінетін біраз тамақ түрлері базарға араделдалдар арқылы шығатын. Соған орай ондай тағамдардан салық та, әлеуметтік жарна да алынбайтын.

Сарапшылардың айтуынша, елдегі ықтимал инфляцияның бір себебі де сонда. Алдымен мұндай сауданың орталықтары есебінде қала мен аймақтардағы көтерме базарлар айтылатыны тағы да белгілі.

«Алматының азық-түлік белдеуі» 2 миллионнан астам тұратын мегаполисті бірінші қажетті тауарлармен толық қамти алмайтыны тағы да белгілі. Демек, негізгі тауар түрлері халыққа осы инфляцияның бір себебі аталып жүрген көтерме базарлар арқылы өтеді деген сөз.

Бұл жерде әлеуметтік маңызы зор тағы да бір жайтты айта кету парыз. Көлеңкелі бизнестің ошағы десек те осындай көтерме базарлардың қазіргі жұмыссыздық меңдеген заманда біраз халықтың жанбағар нәпақасы болып отырғаны да өтірік емес. Басқаша айтқанда, ондаған мың шаруа өндіретін ет пен көкөністі саудалау арқылы қаланың ондаған мың тұрғыны күн көріп отыр.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Сондықтан көтерме базарларды біржақты жоққа шығару да қиынсыз дер едік. Бірақ бұған дейін көлеңкелі тұсы көп болған саланы бақылауға алуды күшейту керек екені айтпаса да белгілі. Бұл мәселеге күні кеше ғана өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысы да ерекше маңыз берді. «Сауда-саттықтағы тиімсіз делдалдыққа тоқтау салатын кез келді. Мысалы, 3 миллион адам тұратын Алматы қаласы мен оның төңірегіндегі елді мекен тұрғындары тұтыну тауарларын көбіне «Алтын орда» базарынан алады. Алматы облысы мен Алматы қаласының әкімдеріне Үкіметпен бірлесіп, базарды тексеруді және тәртіп орнатуды тапсырамын. Бұл жер пайдакүнемдер үшін нағыз майшөлпекке айналған. Бұған Алматыдағы қаңтар оқиғасы кезінде анық көз жеткіздік. Бұл – басқа өңірлерге де қатысты мәселе. Қажет болса, бұл жұмысқа құқық қорғау органдары атсалыссын. Екі ай уақыт беремін», – деді Президент.

Сонғы кезде қалалық әкімшілік әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын көтермеуге күш сала бастады. Бұл орайда, қалалық Кәсіпкерлік пен инвестициялар басқармасы мегаполис бойынша жиі тексерістер өткізіп тұрады. Бұқаралық ақпарат құралдарына берген деректерінде осы ұйымның басшысы Ерлан Омаров:

– Қалалықтарды ыңғайлы бағадағы азық-

түлікпен қамтамасыз ету үшін өндірушілермен және саудагерлермен келіссөз өткізіп тұрамыз. Бұл жердегі бар гәп бағаны жөнсіз көтеретін араделдалдарда. Соны ескерген қалалық әкімшілік өндірушілермен әлеуметтік маңызы бар тауарларды қала базарларына тікелей жеткізу үшін 19 меморандум жасады, – дейді.

Сондай-ақ, өнім өндіруші шаруалармен, компаниялармен және азық-түлікті белгіленген баға бойынша сатушылармен арада жеңілдіктер де қарастырылыпты.

Ал сонда осындай әлеуметтік бағадағы тағамдарды қайдан алуға болады?

Осындай шаралардың арқасында әлеуметтік бағадағы азық-түлікті бүгінгі таңда қала базарларынан ғана емес, ірі сауда тораптарының дүкендерінен, сондай-ақ өндірушілердің фирмалық дүкендерінен де алуға болады екен.

Мамандардың айтуынша, әзірге Алматыда 10 әлеуметтік маңызы бар оңтайлы бағадағы тауар сатылатын жеті ғана базар бар көрінеді. Әрі олардың әрқайсысы қаланың әр ауданында.

Негізінен, оларда картоп, сәбіз, пияз, қырыққабат, қант, қарақұмық, өсімдік майы, күріш, макарон мен ұн сәйкес бағада саудаланады.

Қаладағы ет бағасына келсек, бұл жердегі

мәселе күрделілеу. Тиісті сауда орындарындағы әкімшілік белгілеген баға 2050 теңге болса да ол қаламыздың әр жерінен кездеспейді. Оның үстіне, мегаполиске ет өнімдері алыстан, Алматы облысының шаруашылықтарынан жеткізіледі. Демек, бұл орайда араделдарсыз жұмыс жүргізу қиын деген сөз.

Соған сәйкес біз әзірге қаладағы ет саудасы бөлендей бір ізге түсе қойды дей алмаймыз.

Сол сияқты, тиісті шенеуніктердің тексерістеріне қарамастан, қаламыздың әр тұсында бұрынғысынан «партизандық сауда» өрістеп тұр.

Қаланың құзырлы шенеуніктері берген деректерге қарағанда, сүт бағасын тұрақты жағдайда ұстау үшін өз өнімін Алматыдағы 130 фирмалық дүкендер саудалайтын Алматы облысының ірі тауар өндірушісімен келісім жасалған көрінеді. Алайда, оның өнімдері де қала тұрғындарын сүт өнімдерімен толық қамтуға жетпейді.

Қазір мегаполисте сенбі, жексенбі сайын бағасы шектеулі жәрменкелер өткізіледі. Халық негізінен қажеттілігін сол базарлардан алады.

Бір мәселені айта кету керек, қала әкімшілігі әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасын белгіленген 15 пайыздан асырмауға күш салып отыр. Бұл міндетті орындау, яғни тәртіпті қадағалау Кәсіпкерлік басқармасымен қоса Алматы қаласы бойынша Бәске-лестікті қорғау және дамыту департаментіне де жүктелген.

Бүгінде, өздеріңіз байқап отырғандай, қала басшылығы бірінші қажеттіліктегі азық-түлік наркын бақылауда ұстауға күш салуда. Тексеру нәтижелері көрсеткендей, кейбір сауда нүктелері мен саудагерлердің бағаны жөнсіз көтергені анық байқалады. Қаланың әр тұсындағы бағаға көз салғанда байқағанымыз, бұрын 220 теңге тұрған картоптың базарда 300 теңгеден сатылатынын да көрдік. Сондай-ақ, бұрын 250–260 теңге тұратын қырғыздың 1 литр сүтінің қазіргі нарқы 330–340 теңге. Көп кешікпей бағалардың мұндай ауытқушылықтары қатаң бақылауға алынады деген сенімдеміз.

Бұл біздің әлеуметтік тауарлардың негізгі түрлеріне байланысты ғана жасаған шолуымыз. Қала билігінің азық-түлік бағасын реттеу шаралары мегаполис тұрғындарының көңілдеріне сенім ұялатып, үміттендіріп отыр. Оған ішінара болса да кейбір азық-түлік түрлерінің арзандағаны дәлел...

Өмірзақ МҰҚАЙ.





# АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

## ● МЕДЕУ АУДАНЫ

### Мәні де, сәні де кетпеуге тиіс



Алматы жұртшылығы мен қала қонақтары үшін 28 панфиловшылардың ерлігі құрметіне салынған ескерткіштің жөні бөлек. Өйткені, көпшілік бұл жерге жыл сайын емес, әсіресе, 9 мамыр – Жеңіс күнінде, тіпті күнде «Мәңгілік алауға» гүл шоқтарын қоюдан да жалықпайды. Бұл ескерткіш бой көтергелі дәстүрге айналған үрдіс. Ендеше, бізге «Даңқ мемориалының» сынын кетірмей күтіп ұстау міндет.

Бір өкініштісі, саябақтағы ескерткіштің бүгінгі көрінісі, яғни бүлінген, сынған қабырғалары көңіл көншітпей тұр. «Ұят! Ата-бабаларымыздың ерліктерін паш ететін ескерткіштің мына көрінісі елдігімізге сын! Бізге ең алдымен

осындай нысандарды қалпына келтіру керек! – деп жазады алматылық Жанар Тоқыбет.

Осы тақылеттес хаттар редакциямызға көптеп келген соң біз Медеу ауданы әкімдігіне хабарластық. Олардан: «Тұрғындардың

шағымына орай мынаны хабарлаймыз. 28 гвардияшыл-панфиловшылар атындағы саябаққа қаңтар оқиғаларынан кейін залал келтірілген. Ескерткіштің Гоголь көшесі жағынан кіргендегі бетінде «28 гвардияшылдық-панфиловшылар атындағы саябақ» деген қабырға жазуындағы «атындағы» деген сөзде А, Т, Ы, Н әріптері және гранит плиталары бүлінген. Қазіргі уақытта қалпына келтіру бойынша дайындық жұмыстары жүргізілуде» деген жауап келді. Алайда, шенеуніктердің мұндай жауабына һәм «сылтауына» қала тұрғындары қанағаттанбады. – Қаңтардағы оқиғалардан кейін деген сөз шындыққа жанаспайды. Себебі, бұл бұл қабырғадағы әріптер бұл күннен әлдеқайда бұрын бүлінген. Ұмытпасам, өткен жылдың қазан айының соңында мен балалармен бірге осы саябақта барғанмын. Мемориалға да соққанбыз. Сол кезде екі плитасы жоқ болатын, – дейді алматылық Шынар Алмас сөзін Медеу әкімдігіне қарата.

«Даңқ мемориалы» республикамызда жасақталған Панфилов дивизиясының қаһарман жауынгерлері құрметіне ғана емес, еліміздің азаттығы мен тәуелсіздігі үшін жанын пидаткен жандардың барлығына арнап орнатылған ескерткіш! Сондықтан оның қай кезде де мәні де, сәні де кетпеуі тиіс. Медеуліктер бұл олқылықты жақын арада түзетіп, ескерткішті уақыт оздырмай қалпына келтіреді деген сенімдеміз.

## ● ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БАСҚАРМАСЫ

Алматы тұрғындары соңғы уақытта жол бойынан бөлек көпқабатты үйлердің аулаларында «фаст-фуд» өнімдерін сататын дүңгіршектердің санының артуына наразылықтарын білдірді. «Самал-2» ықшамауданындағы №78 үйдің ауласында кенеттен пайда болған осындай нысанға Елдар Саумбаев шағымданып, редакциямызға хабарласты.



### Дүңгіршектер дауы

– Балалар алаңында тұрғындардың келісімінсіз жүгері дүңгіршегі тұрғызылған. Өлгі жүгерінің иісі бүкіл ауланы алып, айналасы қоқыстан көз ашпайды. Бұл аулада балалардың ойнауына, тұрғындардың серуендеуіне кедергі болып тұр. Мұндай дүңгіршектер Алматы қаласын абаттандыру ережелері мен жер заңнамасын бұзумен қатар, санитарлық нормаларды да ұстанбағанын атап өтуге болады. Дүңгіршектерде қолды жууға да, дәретханаға да баруға да мүмкіндік қарастырылмаған, – дейді тұрғын.

Дәл осындай дүңгіршек 2 ақпаннан 3 ақпанға қараған

түні көрші аулада да орнатылған. Бұл мәселе тұрғысынан Медеу ауданының әкімдігі ешқандай әрекет жасамаған.

Біз аталған мәселелер бойынша Алматы қаласының қала құрылысын бақылау басқармасына жүгіндік. Алайда, 1 қаңтардан бастап жер құқықбұзушылықтарды анықтау жөніндегі бөлім мен жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау бөлімі бұдан былай ҚҚББ бөлімшелері болып табымайтыны анықталды. Сол себептен, тұрғындардың өтініштерін Алматы қаласының жер қатынастары басқармасына жолдадық. Басқарма әзірге өтініш бойынша жауап қайтармады.

## ● ТҮРКСІБ АУДАНЫ

### Ескі үйлер сүріле ме?



Алматылық Роман Ткаченко «Дулатов көшесіндегі №49 екі қабатты үй «Ескі үйлерді сүру» бағдарламасы бойынша сүрілетін үйлердің тізімінде бар ма? Бар болса, ол қай уақытқа жоспарланған? Біздің ауданда ескі үйлерді бұзу картасын интернеттен табу мүмкін емес. Тозығы жеткен мұндай үйлер әлі қанша уақыт тұрады? – деп сұрайды. Шенеуніктер бұл үй құрылысы ескі тұрғын үйді жөндеу аясында бұзылатын 607 үйдің тізіміне енгізілгенін айтты.

Ал Виталий Годновты да осы сауалдың жауабы қызықтырып отыр. Ол Сейфуллин даң-

ғылындағы №170 А екі қабатты үйді аталмыш бағдарлама аясында бұзу жоспарда бар ма екенін білгісі келеді. Жауапты мамандар бұл үйдің де «Ескі тұрғын үйлер» бағдарламасы тізімінде тұрғанын айтады. Сүру жұмыстары инвесторлар есебінен жүргізіледі. Ал бағдарлама әкімшісі Алматы қаласы әкімдігінің жанындағы «Күрделі құрылыс кәсіпорны» ЖШС болып табылады. Қазіргі уақытта ескі үйлерді бұзып, жаңасын салу үшін инвесторларды іздестіру жұмыстары жүргізілуде. Бағдарлама 2025 жылға дейін есептелген».

## ● ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА БАСҚАРМАСЫ

Өткен жылдың соңында мегаполис тұрғындары қала көшелерінде қоғамдық дәретханалардың жоқтығына наразылық білдірген болатын.

Нәтижесінде Алматыда бір-ен-саран жерде қоғамдық дәретханалар пайда бола бастады. Алайда, тұрғындар дәретханалар орнатылған орындар дұрыс таңдалмағанын айтып, шағымдануда. Мәселен, осындай дәретханалардың бірі Мәметова мен Желтоқсан көшелерінің қиылысындағы алаңға орнатылған. Серік Руханов есімді тұрғынның айтуынша, дәретхана орталық аллеяның жанындағы ең көрнекті жерге қойылыпты. Ол аздай, көріз суларын тікелей арыққа жүргізу жұмыстары жүргізілетін көрінеді.

– Әрине, көшедегі дәретханалар қала тұрғындары үшін қажет, бірақ оларды қаланың мәдени келбетін бұзбайтын коммуникацияларға қосылу мүмкіндігі бар жерлерді тандап орналастыру керек. Және санитарлық талаптар қатаң сақталуы тиіс. Өйтпесе, көпшілік серуендейтін алаңдарда жағымсыз иістің шығып тұрғаны кім-кімнің де наразылығын тудыратыны анық. Тиісті ұйымдар осыған назар аударса екен. Сол себепті, мына дәретхананы басқа жерге ауыстырып, оған қоса, барлық санитарлық нормаларды сақтауды, яғни орталықтанды-

### Сәтсіз орын



рылған көріз жүйесіне қосуды ойластырған деп есептейміз, – дейді ол.

Дәл осындай сәтсіз орнатылған дәретханалар Алтынсарин даңғылындағы Family Park жанындағы саябақта, Жібек жолы даңғылы мен Панфилов көшесінің қиылысында, №54 мектеп-гимназияның жанында М.Әуезов мемориалды үй-мұражайына қарама-қарсы (Төлебаев көшесі, 185, Абай даңғылының бұрышы) жерде бар.

– Ұлы жазушы, ғалым, қазақ әдебиеті классигінің 125 жылдық мерейтойы жылында қоғамдық дәретхананы дәл осы жерде орнатудың өзі ыңғайсыз. Мемориалды үй-мұражайы республикалық маңызы бар сәулет және мәдениет ескерткіші болып табылады және Қазақстанның киелі орындарының қатарына кіреді. Осы жерде ұлы композитор М.Төле-

баевтың ескерткіші мен «Жетісу» тарихи субұрқак орналасқан. Дәретхананы бүкіл Қазақстан жұртшылығы үшін осындай қасиетті орынға қою дұрыс емес деп ойлаймыз, – дейді М.О.Әуезов мемориалды үй-мұражайының қызметкерлері.

Мәдениет қызметкерлері бұл нысанды тез арада қолайлы жерге ауыстыру мәселесін шешуге көмектесуді сұрайды. Алматылықтар да мұражай қызметкерлерінің пікірін толық қолдап отыр.

Бұл мәселе бойынша әзірге жергілікті атқарушы органдар да, Алматы және Медеу әкімдіктері де, Алматы қаласының Жасыл экономика басқармасы да, санитариялықтар да жауап берген жоқ.

Әзірлегендер  
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ,  
Айжан БҮРКІТБАЕВА.





## ● ДІН – ДІҢГЕК



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ИСЛАМ – БЕЙБІТШІЛІК  
ӘРІ АМАНДЫҚ

**Мұсылман кісі сәлем бергенде адамға амандық пен бейбітшілік тілеп амандасады. Қарым-қатынаста адамды мұсылман және басқа деп бөліп-жармайды. «Алланың пендесі», «адамның баласы» деген қағиданы ұстанады.**

Ал иманына келсек, әр пенде Жаратушысының алдында өзі жауапты. Әрине, бұл Исламның құндылығы ешкімге насихатталмайды деген сөз емес. Бірақ адамға еркінен тыс мәжбүрлік пен зорлық арқылы үгіттелмейді. Сондықтан әрбір дін өкілімен мәмілегершілік шеңберінде түсініседі.

Ислам – бейбітшілік пен амандықтың кепілі. Шарият адамзаттың бүгінгі және болашағында алдынан шығатын барлық мәселелерді майдан қыл суырмай шешіп береді. Дінімізде зорлық-зомбылық, өзгеге қиянат деген атымен жоқ. Әділеттілік пен теңдік Исламның негізгі қағидаты. Асыл дініміздің мәмілегершілік, жақсы мінез-құлық немесе өнегесі насихат арқылы тарайды. Бұл тұрғыда әрбір мұсылман Пайғамбарды (с.ғ.с.) үлгі-өнеге тұтады.

Алланың Елшісі (с.ғ.с.) адамдарды биік көркем мінез-құлқымен баурау арқылы иманға жетеледі. Үндеген жақсылығы ең алдымен өз бойынан көрініс тапқан Пайғамбарды (с.ғ.с.) бітіспес дұшпандарының өздері мойындаған еді. Олар Исламды мойындамаса да, Мұхаммедтің (с.ғ.с.) айрықша мінезі алдында бас иетін. Меккелік мүшріктердің өзі оны «аманатшыл да сенімді Мұхаммед» деп атайтын.

Әрбір адам сенімін қастерлеп, басқалардың да сеніміне сыйластық танытуы азаматтық борышы. Құран Кәрімде: «Алла сендердің өздеріңмен дін үшін соғыспаған әрі үйлеріңнен шығармағандарға жақсылық жасауларыңа және оларға турашыл болуларыңа тыйым салмайды. Асылында, Алла турашылдарды жақсы көреді», – деп («Мумтахина» сүресі, 8-аят) өзге дін өкілдерімен бейбіт ғұмыр кешуді, сондай-ақ мұсылмандардың оларға жақсылық әрі әділдік танытуларына рұқсат берген. Алла Тағала мұсылмандарға өздеріне қарсы соғыспаған басқа дін өкілдерімен тату болуға үндейді.

Тіпті, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Ислам дініне және жеке тұлғасына дұшпандық пиғылын еш жасырмай ашық түрде қарсылық әрекеттерін жасаған жауымен де ортақ мәміле таба білген. Асқан адамгершілігіне куә болған жаулары да Пайғамбардың (с.ғ.с.) парасатына бас иген. Бұған Мекке мүшріктерімен жасаған Худайбия келісімі дәлел.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мәдинаға қоныс аударғанда ең алғашқы қолға алған ісі шаһардағы яһуди мен мұсылмандардың ара-қатынасына тәртіп орнату болды. Діні бөлек бірақ бір шаһардың тұрғындарын өзара тату өмір сүру заңын құжатпен бекітті. Сонымен бірге, мешіт тұрғызды. Меккелік мұһажір сахабалар мен жергілікті ансар сахабаларды бір-біріне ағайын-туыс етті.

Исламда татулық пен ынтымақ тақуалықтың сыңары. Бұл қасиеттер бір-бірінен еш ажырамайды. Құран Кәрімде: «Алладан қорқындар әрі өз араларыңды дұрыстандар», – деп әмір етілген («Әнфал» сүресі, 1-аят).

Жұбайлар арасында да, жалпы адамдар арасында да сөз жарасымдылығы, бәтуалы байламға тоқтап, ымыраға келу әрдайым аса қайырлы амал. Жаратқан Ием: «Татулық – қайырлы», – деп айтқан («Ниса» сүресі, 128-аят). Мұсылман қауымының бір қасиеті ретінде: «Олардың (мүміндердің) істері өзара кеңесумен атқарылады», – деп көрсеткен («Шура» сүресі, 38-аят).

Құдіреті шексіз Жаратушы соңғы Пайғамбарды (с.ғ.с.) жер бетіне бейбітшілік орнату үшін жіберген. Құранда бұл жайында: «Біз сені әлемдерге тек рақым етіп ғана жібердік», – деп («Әнбия» сүресі, 107-аят), сан ғасырлар бойы мұсылмандар осы ерекшелікпен өз діндерін мақтан етеді.

Құранда бейбітшілік мағынасын білдіретін «сәлем» сөзі көптеген аятта айтылуда. Өйткені, Құран ынтымақ пен бейбітшілікті баса насихаттайды. Ислам ешбір жанды дініне, ұлтына, нәсіліне және жынысына қарап алаламайды. Адамға адами тұрғыдан баға беріледі. Адам адамнан тақуалық, діндарлық қасиетімен ғана жоғары бола алады. Құран Кәрімде: «Ей, адамзат! Сендерді Біз әуелде бір еркек, бір әйелден, бір ата, бір анадан өрбіттік. Өзара қарым-қатынас жасауларың үшін көптеген ұлт, ұлыс етіп көбейттік. Сендердің бір-біріңнен артықтығың несібелеріңмен емес, діндар-тақуалықтарыңмен есептеледі», – деп («Хужурат» сүресі, 13-аят) бұйырса, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Уа, адамдар! Естерінде болсын! Раббыларың бір, арабтың араб еместен, араб еместің арабтан, ақтың қарадан, қараның ақтан діндарлығынан басқа ешқандай артықшылығы жоқ. Күмәнсіз Алланың алдында ардақтыларың – тақуаларың», – деген (Бұхари жеткізген).

Мұсылман кісі өзгелерге тіл тигізіп, сауап таппайды. Керісінше исламнан алшақтатқандығы үшін күнә табады. Олай болса, мұсылманның міндеті – өзгелерді діннен үркіту емес. Дінін кемшіліксіз түрде жеткізе білу. Сонымен қатар, Исламда: «Дінде зорлық жоқ», – деп әмір етілген («Бақара» сүресі, 256-аят). Ислам діні қоғамдағы өзге дін өкілдерімен сыпайылықпен қарым-қатынас жасауымызды бұйырады. Құранда бұл туралы: «Кітап иелерімен ең көркем түрде, сыпайылық пен әдептілік сақтап пікір таласындар», – деп («Әнкабут» сүресі, 46-аят) ескертілген.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Исламның ынтымағы мен бірлігін сақтау жолында ерекше сабырлы еді. Мұны әрбір қадамы мен әрекетінен байқауға болады. Қоғамдағы мәселені шиеленістірмей, ымырамен шеше білу ауадай қажет. Мәдина халқы арасында іріткі салушы мұнафықтар мен олардың сыбайластары жайлы өте жақсы білетін. Бірақ мұны көпшілікке паш етпеген. Жариялау былай тұрсын, оларға да мұсылмандар сияқты қарайтын.

**Төлеби ОСПАН,  
Алматы Орталық мешітінің  
Бас имамы.**

## ● ЕСКЕРТУ

## Қардан қауіп бар

**Алматы қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің өкілі алдағы күндерде қар көшкіні болуы мүмкін екенін ескертіп отыр.**

Қалада қалың қар жатпағанымен, таулы аймақтарда қар әлі де қалың. Сондықтан тиісті мекеме өкілдері қала тұрғында-

рынан жеке қауіпсіздік шараларын қатаң сақтанып, дәл осы кездерде тауға шығудың аса қауіпті екенін ескертеді.

«Үлкен және Кіші Алматы өзендері бассейндерінде қар жамылғысы тұрақсыздығынан ақпанда қар көшкіні болу қаупі бар. Сондықтан тік қарлы беткейлерге шығуға болмайды», – дейді қалалық ТЖД өкілі.

## ● БІЛІМ


## Оқу бағдарламасы жаңарады

**Биылғы жылы қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқу бағдарламасы жаңартылатын болды.**

ҚР білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов бұл туралы: «Ең басты мәселе – осы екі пәннің (қазақ тілі мен әдебиеті) оқу бағдарламасын жаңарту болып отыр. Арнайы жиынға (Қазақ тілі және әдебиеті

пәні мұғалімдері съезі) келген барлық мұғалімнің көтерген мәселесі де осы болды. Қазақ әдебиеті мен қазақ тілі пәндерінің мазмұны жағынан жетілдіретін біраз мәселе бар екені белгілі. Мәселен, оқытылатын шығармалар, грамматикалау жүйесі, жас ерекшеліктерін ескеру және басқа да мәселелерді әріптестеріміз көтеріп жатыр. Мұны осы жылы міндетті түрде толық шешуіміз қажет», – дейді министр.

## ● ҰБТ

Көрсеткіш көңілден  
шықпай тұр

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

**Қаңтарда өтуге тиіс Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағына өтініш білдірген 103 886 тұлғаның 34 пайызы 50 балл жинай алмады. Олардың 95 пайызы – осы жылғы 11 және 12-сынып оқушылары.**

Сонымен қатар, олардың 4765-і жоғары оқу орнына академиялық кезеңге шартты түрде қабылданған 1-курс студенттері, 413-і педагогикалық ғылымдар

саласына ауысатын студенттер мен 327-сі шығармашылықтан басқа білім беру топтарына ауысатын студенттер екені белгілі болды. Осы уақытқа дейін сынақ тапсырып үлгерген 29 мың талапкердің 78 пайызы қазақ тілінде, 21 пайызы орыс тілінде сынақ тапсыруды таңдаған. Мұнан бөлек, ҰБТ-ны ағылшын тілінде тапсыруға өтініш білдірген 43 баланың 38-і сынаққа қатысты. Әзірге 5 пән бойынша тапсырған сынақтың орташа балы – 65,14 болып тұр.

## ● АТТЕСТАЦИЯ

## Ротация жүйесі енгізілді

**Бұдан былай мектеп директорлары 3 жыл сайын аттестациядан өтетін болды. Бұл сыннан жақсы нәтиже көрсеткен мектеп басшыларының жалақысына тағы да 100 пайыз көлемінде үстемеақы қосылады.**

Білім және ғылым министрінің жаңа талабы бойынша, бір мектепке ұзақ уақыт бойы директор болу үрдісіне ресми түрде шектеу қойылып, алғаш рет ротация жүйесі енгізілді. Енді мектеп басшысы бір ұйымда 7 жылдан артық басшы

бола алмайды. Дәл қазіргі кезде еліміз бойынша ротация басталып та кетті. Бұл жұмыс жыл бойы жүргізілетін болады. Сондай-ақ, 2021 жылдан бастап білім беру ұйымдары директорлары құрамының сапасын жақсарту үшін нақты мерзімдер, критерийлер, тестілеуді енгізе отырып, лауазымға тағайындаудың жаңа жүйесін енгізу қолға алынды. Аттестаттау нәтижесі бойынша мектеп басшысы нақты санаттың біріне ие болса, оның жалақысы 30 пайыздан 100 пайызға дейін көтерілетін болады. Сонымен қатар, жұмысы сапасыз, тиімсіз басшының орнын босатуы талап етіледі.

## ● ОФЛАЙН

## Дәстүрлі форматта оқиды

**Еліміздегі 600-дей оқушысы бар мектептер ғана 24 қаңтардан бастап офлайн форматта оқи бастаса, енді 14 ақпаннан бастап барлық мектеп оқушылары дәстүрлі форматқа көшетін болды.**

Бұл туралы Білім және ғылым министрлігі мәлімдеді. Министрліктің мәлі-

метінше, ведомстволық комиссия мектептерді толыққанды офлайн оқыту форматына көшіру мәселесін талқылап, осындай шешім қабылдаған. Жалпы, мұндай қадамға бару індеттің ауылы бір-жола алыстады деген нақты шешім емес. Әлі де санитарлық-эпидемиологиялық шараларды қатаң сақтап, босансуға жол бермеу керек.

**Әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.**





## ЭПИДАХУАЛ



## «Қызыл» аймақтан шықты

Кешегі күнгі ақпарға сүйенсек, Қазақстан өңірлеріндегі эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасы бойынша елімізде екі өңір «қызыл» аймақтан шықты.

Сонда қазір «қызыл» аймақта: Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары.

«Сары» аймақта: Алматы, Ақтөбе, Атырау облыстары.

Ал «жасылда»: Шымкент қаласы, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Түркістан облыстары.

## ФЕЙК АҚПАРАТ

## Шындыққа жанаспайды



## ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

## Екпе алған балалар сыйлыққа кенелуде



АҚШ елі бізде коронавирустың беті қайтты деп қуануда. Өткен аптада ковид жұқтырғандар саны 60%-ға, ал ауруханаға түскендер 30%-ға азайған. Өсіресе, қатерлі індеттің эпидошағы саналған үлкен мегаполистердегі ахуалдың біршама жақсаруы көңілді көншітеді деп отыр мамандар. Сарапшылардың мәліметі бойынша, тәулігіне індетті жұқтырған америкалықтардың саны 290 мыңға дейін түскен. Ал осыдан бірнеше апта бұрын бұл көрсеткіш 800 мыңнан асқан екен. Эпидахуалдың бұлайша жақсаруына, әрине, ковидке қарсы екпе алушылардың қатары артқаны себеп дейді.

ГЕРМАНИЯ елі болса, бізде ковид дес бермей тұр деп аландаулы. Роберт Кох институтының мәліметі бойынша, пандемия кезінде апталық инфекция көрсеткіші ең жоғары деңгейге жеткен. Бұл 100 мың тұрғынға шаққанда 1426 көрсеткішке жетті деген сөз. Бір апта бұрын ол 1400,8 болса, ал одан алдыңғы аптада 1176,8 жағдай тіркелді. Бір ай бұрын бұл көрсеткіш 303,4 болатын. Тек кейінгі бір тәуліктің өзінде ковид жұқтырған 95 267 адам тіркелген.

РЕСЕЙ елінің туризм индустриясы ұйымы жыл басынан бері вакциналық турларға сұраныс 12 есе артқанын айтып отыр. Шетелдік препаратпен егілу үшін айына он мыңдаған ресейлік жат елге барады екен.

## Ревакциналау қарқын алды

Ел әскерінде COVID-19-ға қарсы қайта вакцина салу жалғасуда. Бүгінгі күні Қарулы Күштерде әскери қызметшілер мен азаматтық персонал өкілдерінің 70,6%-ы коронавирусқа қарсы екпе алды.

Офицерлер мен келісім-шарт бойынша әскери қызметшілер әскери емханалар мен тіркелген жері бойынша қалалық емдеу мекемелерінде ревакциналанады. Қайта вакцина салу мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери оқу орындарының курсанттарына тұрақты орналасу пунктерінде жүргізіледі. Бұдан бөлек, Бас әскери медициналық басқармасы көшпелі бригадалар жұмысын ұйымдастырды. Олардың егу бөлмелері әскери бөлімдердегі медициналық бөлімшелерге орналастырылды. Бұл әскери қызметшілер мен азаматтық персоналдың қызметтен қол үзбей процедурадан өтуіне ыңғайлы.

## Ем қабылдауда

Қазақстанда өткен тәулікте 3231 адамда коронавирус індеті ПТР-тест арқылы расталып, ауыруы белгілі болды.

16371 адам коронавирустан емделіп шықты. Оның ішінде Алматы қаласы бойынша – 964.

Қазақстан аумағында кешегі күні 16 сырқат – коронавирустан, тағы 5 адам пневмониядан қайтқан.

Коронавирус жұқтырған 79 мың адам емделіп жатыр. Олардың ішінде 9005 пациент стационарда, 70 186 науқас амбулаториялық деңгейде ем қабылдауда.

Әлеуметтік желіде «Коронавирустың «омикрон» штамын жұқтырған балалар үшін Қазақстан ауруханалары 3500 кереует сатып алып жатыр», – деген ақпарат тарауда.

Stopfake.kz сайтының өкілдері ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне сілтеме жасап, бұл мәліметтің шындыққа еш жанаспайтынын мәлімдеді. «Бұл – жалған ақпарат. Бүгінгі таңда COVID-19 жұқтырған балаларды төсек-орынмен қамту 23%-ды құрайды, бұл ҚР бойынша орташа көрсеткіш», – деді ведомстводан. Демек, науқастанған балалар санының арту ықтималдығына байланысты ауруханаларда төсек-орын қоры 3500 бірлікке ұлғайтылады деген хабарламалар – фейк.

## МАМАН ПІКІРІ

## «ОМИКРОН» қарттар үшін де қауіпті



Алматы қаласындағы №36 қалалық емхананың дәрігері Рауан Нұркенов осылай дейді. Дәрігердің айтуынша, «омикрон» – ковидтің мутацияға ұшыраған жана түрі.

Бұл штамм егде жастағы кісілер мен коронавирусқа қарсы екпе алмаған азаматтар үшін қауіптірек. «Коро-

навирустың алғашқы бірнеше штамы сияқты, «омикронның» да өзіндік инкубациялық кезеңі, клиникалық көрінісі және асқынулары бар. Оның инкубациялық кезеңі «дельта» штамына қарағанда аз екені белгілі. Бұл бірнеше күнге сәйкес келеді. Қарт адамдар инкубациялық кезеңі бар контактілерден жаңа штамм жұқтыруы мүмкін», – дейді дәрігер.

«Омикронның» белгілері жіті респираторлық вирустық инфекцияға ұқсас. Сондықтан кейбір науқастар вирустың тасымалдаушысы екенін білмеуі де мүмкін. Дәрігердің сөзінше, вирустың таралуы ересек тұрғындар арасында ауруды арттырады.

«Егде жастағы адамдарда «омикронның» клиникалық көрінісі әртүрлі болуы мүмкін. Бас ауруынан бас-

тап, енгігумен аяқталады. Сонымен қатар, жүрек ырғағының бұзылуына әкелуі мүмкін. Негізгі белгілері – бастың ауыруы, мұрыннан су ағу, тамақ ауруы, дене қызуының көтерілуі, быуындар мен бұлшықеттердің ауыруы. Диагностикалық және емдік шаралар дер кезінде басталмаса, вирус жұқтырған адамның жағдайы нашарлай береді. Созылмалы жүрек-қан тамырлары, онкологиялық, қант диабеті сынды сырқаты бар қарттарда «омикрон», өкінішке қарай, негізгі аурудың ауыр асқынуын да тудыруы мүмкін», – деді Рауан Нұркенов.

Сонымен қатар, ол коронавирусқа төтеп бере алатын жалғыз жол – вакцина екендігін де еске салды. «Коронавирусқа қарсы иммунитетті қалыптастырудың жалғыз және қауіпсіз жолы – вакцина. Сондай-ақ, ревакцина курсы. Қарт адамдар вакцинаны жақсы қабылдайды. Екпе оларды аурудың ауыр өтуінен сақтайды», – деді дәрігер.

## ЕЗУТАРТАР

## «Бүгін кешке қандай тамақ?»

– Дәрігер мырза, әйелімнің құлағы естімей қалған сияқты, не істеуге болады? – дейді емханаға келген кісі.

– Үйге барғанда әйеліңіздің сырт жағында, біраз алысырақ тұрып, орташа дауыспен оған сұрақ қойыңыз. Егер сізді естімесе, жақынырақ барып сол сұрағыңызды тағы қайталаңыз. Қандай қашықтықта еститінін анықтайық, соған қарай бір ем қарастырамыз, – дейді дәрігер.

Өлгі кісі үйіне қайтады. Ас бөлмесінің табалдырығында тұрып, орташа дауыспен: – Жаным, кешкі асқа қандай тамақ жейміз? – дейді. Бұған әйелі жауап бермейді. Ол жақынырақ келіп тағы да сұрайды:

– Жаным-ау, кешкі асқа қандай тамақ жейміз? – деп. Зайыбы тағы да тіл қатпайды. Ол дәл жанына таяп келіп тағы да: – Бүгін кешкіге қандай тамақ? – десе, әйелі: – Үшінші рет айтып тұрмын ғой саған, котлет! – деген екен.

## ДӘРУМЕН



## АЛМА

О н д а темір мен басқа да пайдалы заттар көп екендігі баршаға аян. Сондай-ақ,

қыз-келіншектер бұл жемісті артық салмақтан арылу үшін жиі пайдаланатыны да жасырын емес.

Мамандар алманың қай түрі денсаулыққа пайдалы екенін анықтапты. Мәселен, жаңа піскен алмадағы калория мөлшері 100 грамға 50 килокалориядан аспайды. Ал кептірілген алмада ол 250 килокалорияға дейін артады. Сондықтан кептірілген алманы немесе қант қосылған компотты диеталық өнім деп санау дұрыс емес екен. Сондай-ақ, диетолог-мамандар пеште пісірілген алма асқазанға майлы тағамды жақсы сіңіруге көмектесетінін айтып отыр.

Диабетпен ауыратындар және артық салмағы бар адамдар алманың қышқыл түрін таңдаған абзал. Ал тәтті сорттарында глюкоза көп болады. Қызыл немесе жасыл алмадағы коректік заттардың мөлшері олардың түсіне байланысты екен. Мәселен, жасыл – темірге, ал қызылы және сарысы каротинге (ол көру және дене жасушалары үшін пайдалы) бай көрінеді. Бұл жеміс құрамында А, С, калий, магний және басқа дәрумендер бар. Диетолог бізге күніне екі алма жеуге кеңес береді.

## ЗІМБІР

Қысқы тағамдарға жиі қосылады. Диетологтар оның пайдасы көп болғанымен,



зиянды тұстары да жетерлік екенін айтып отыр. Сондықтан оны қалыпты мөлшерде тұтыну керек дейді.

## КОФЕ

Көбіміз таңғы асымызды бір шыныаяқ кофеден бастаймыз. Американдық кофе қауымдастығының мәліметтеріне сүйенсек, 10 американдықтың 7-еуі апта сайын кофе ішеді, ал 62%-ы оны күн құрғатпастан тұтынады.

Кейінгі зерттеулер кофені қалыпты жағдайда қолдану ешқандай зиян келтірмейтінін көрсеткен. Мәселен, биыл Еуропалық кардиология қоғамы кофенің жүрекке әсері туралы жаңа зерттеу нәтижелерімен бөлісті. Егер сіз күнде үш шыны кофе ішсеңіз, инфаркттан, сондай-ақ жүрек-тамыр ауруларынан қайтыс болу қаупі азаяды. Тағы бір зерттеу кофеқұмарлардың ішіндегі созылмалы бауыр дерті барлар арасындағы өлім-жітім 49%-ға азайғанын көрсеткен. Бұл орайда кофені қалыпты мөлшерде қолдану маңызды. Егер сіз оны тым көп ішсеңіз, жүрек соғуыңыз жиілеп, мазасыздық пен ұйқысыздыққа ұшырауыңыз мүмкін. Ал бір күнде үш шыны кофе ішетін жүкті әйелдерде түсік тастау қаупі артады.

Ауырмаңыз, ағайын!

Бетгі әзірлеген  
Нұржамал ӘЛШЕВА.





## ТҰЛҒАТАНУ

## ӘУЕЗОВ ӘЛЕМІ

Заманымыздың заңғар жазушысы, қазақ руханиятындағы шоқтығы биік қаламгер Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің туғанына 125 жыл

Алматыдағы Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде Тілдер кафедрасының ұйымдастыруымен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «М.Әуезов мұрасы – ұлттың рухани қазынасы» атты «Дөңгелек үстел» өтті.



Бұл – классик жазушының 125 жылдығын ұлықтауға арналған тұңғыш алқалы жиын. «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының директоры, ф.ғ.к. Диар Қонаев, осы орталықтың аға ғылыми қызметкерлері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ф.ғ.д., профессор Гүлзия Пірәлі, ф.ғ.к. Ермек Ханкей, Ғылым, білім беру өзара іс-қимыл бөлімінің басшысы Бақыт Қасымбетова және шаһардағы жоғары оқу орындарының ұстаздары, ғалымдар мен студенттер қатысты.

Аталмыш іс-шараның басты мақсаты – Әуезов әлеміне заманауи жастарды тарту, ұлы суреткердің шығармаларын оқыту, оқу орындарында ұлы суреткердің өмірі мен шығармашылығын оқытуды ұйымдастыру және оқу бағдарламасына енгізу бойынша тәжірибе алмасу алаңын қамтамасыз ету, оқу орындарында Қазақ тілі сабақтарында әдеби шығармаларды оқытуды ұйымдастырудағы мәселелерді анықтау.

«М.Әуезов мұрасы – ұлттың рухани

қазынасы» атты бұл «Дөңгелек үстел» қаламгердің басты шығармаларының жастар арасында кеңінен насихатталуымен, ұлы жазушыны ұлықтаудың тағылымдық өнеге ретінде құрметтелуімен ерекшеленеді.

Күллі әлемге адамзат ұстазы – Абайды танытып, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне өлшеусіз үлес қосқан Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығына арналған шараның шымылдығын ХАТУ университетінің академиялық және тәрбие ісі жөніндегі проректоры Аккыз Мұстафина ашты. Келесі сөз кезегін алған Диар Қонаев «Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті өткізіп

отырған бұл жиын М.Әуезовтің 125 жылдығына ұйымдастырылған ең алғашқы шара» екенін тілге тиек етті.

ХАТУ АҚ Басқарма төрағасы, университет ректоры Асқар Хикметовтің тікелей басшылығымен ұйымдастырылған бұл шараның жастар арасында қаламгердің тұлғалық болмысын ұлықтаудағы маңызы зор. Ректормен пікірлескенімізде ол Әуезов шығармаларының кеңінен насихатталуы төңірегіндегі өзекті мәселелер туралы ой қозғап, құнды пікірлерін ортаға салды:

– Әлем әдебиетінің асқақ шыңына айналған тұлғаның өмірі де, өзі де қашан да дара, адамзат үшін дана. XIX ғасырдың асқар тауы – Абай болса, XX ғасырдың заңғар биігі – Мұхтар. Туғанына бір ғасырдан астам уақыт асса да, оның есімі ел есінде мәңгі сақталады. Біз осынау айтулы датаның тағылымдық, тәрбиелік мәніне ерекше маңыз бердік. ХАТУ университетінің ұжымы ұйымдастырған бұл

«Дөңгелек үстел» осы мақсатқа жетудің талпынысы, – деді Асқар Хикметов.

Алқалы жиында студенттер тақырыпқа қатысты баяндама жасады, өзара пікір алмасты. Өнерлі жастар жиын арасында күй тартып, тыңдармандарын айрықша көңіл күйге бөледі. «Дөңгелек үстел» басында ф.ғ.д. Гүлзия Пірәлінің «Тәуелсіздік және Мұхтар Әуезов», ф.ғ.к. Ақмаржан Ақыжанованың «Дархан дарын, дара тұлға», сена-тор-лектор Нұржан Нағашбековтің «Мұхтар Әуезовтің қайраткерлігі», Ақпараттық қауіпсіздік жүйесі мамандығының 1-курс студенті Сая Беріктің «Абай жолы» – ғасырлық туынды», Сымбат Асанованың «Мұхтар Әуезов және Алаш» атты баяндамаларына тақырыптың ашылуы мен ғылыми зерттелуі жағынан жоғары баға берілді.

Шара соңында ХАТУ университетінің академиялық және тәрбие ісі жөніндегі проректоры Аккыз Құраққызы жиынға қатысқандарға алғыс айтып, Мұхтар Әуезов мерейтойының челленджін ұйымдастырып, тағылымды мерекені одан әрі жалғастыруды ұсынды.

ХАТУ-лықтардың қазақ руханиятын ұлықтайтын бұл челленджді жалғастыруды еліміздің барлық жоғары оқу орындарына ұсыну жөніндегі игі бастамасы өте құптарлық іс. Қазақстан инженерлік технологиялық университетінің профессоры, философия ғылымының докторы, профессор Ғайни Котошева хабарлағандай, қазірдің өзінде челленджте осы оқу орнының Әлеуметтік гуманитарлық пәндер кафедрасының ұжымы үн қосты.

**Жанат СЕЙІТЖАНОВА,**  
ХАТУ-дың ассистент-профессоры, ф.ғ.к.

## ФЕДЕРАЦИЯ

Оқу орындарында тәлімгерлерді жан-жақты дамытуға арналған ұйымдар бар. Біздің қаламызда оқушылар мен студенттер аса қызығушылық танытатын мұндай үйірмелердің бірі – пікірсайыс алаңы.

## Пікірсайыс алаңы

Алматылық пікірсайыс үйірмелері алғаш жоғары оқу орындарында құрылған. Бұл үйірмелердің мақсаты – студенттердің ой-өрісін дамыту, ораторлық қасиеттерді қалыптастыру, білім сапасын жақсарту, ЖОО арасында достық байланыс орнату және т.б. Бүгінгі күні қаламыздың барлық ірі университеттері мен колледждерінде өзіндік дебат ұйымдары ашылған. Пікірсайыс клубтарының әрқайсысында өзіне тән белгісі, киім үлгісі, ұжымдық құрылымы бар. ЖОО-дан кейін мектептерде де осы бағыттағы үйірмелер қалыптаса бастады. Бұл ұйымдардың біршамасы белгілі бір университеттің қарамағына кіреді. Мысалы, СДҰ дебат клубына Қарасай ауданындағы, UIB дебат клубына физмат, ал ТЭО (Нархоз) дебат клубына Назарбаев зияткерлік мектептері қарайды.

2019 жылы қаламыздағы пікірсайыс үйірмелерінің қолдауымен Алматы пікірсайыс федерациясы құрылды. Бұл тәуелсіз ұжым дебат үйірмелерін жүйелі түрде басқару және біріктіру, пікірсайысты дамыту және тарату мақсатын ұстанады. 2021 жылы 15 қараша мен 28 желтоқсан аралығында Алматы қаласы Білім басқармасының қолдауымен пікірсайыс федерациясы Алматы мектептерінде тренинг өткізді. Шараға 207 мектеп пен 8 мың оқушы қамтылды. Сонымен қатар, АПФ бастамасымен «Дебат – интеллектуалды пікірсайыс алаңы» атты методикалық кітабы жарыққа шықты.

Алматылық пікірсайысшылар өз шеберлігін мектеп және студенттік лига аясында өтетін турнирлерде көрсете алады. Құзгі уақытта жас дебатерлерге арналған жарыстар өтеді. Ал көктем – жұлделі жарыстар мезгілі. Мұндай турнирлерде студенттер үшін сыйақы, ал оқушыларға жоғары оқу орнының ішкі гранты тігіледі. Жарыс ойындары, негізінен, APF (америкалық парламенттік формат), BPF (британдық парламенттік формат), LD (Линкольн-Дуглас), PDF (Президенттік дебат форматы) форматтарында өтеді. Алматы пікірсайысшылары арасында, әсіресе, APF үлгісі кеңінен таралған.

**Досбол АТАЖАН.**

## БІЛІМ

ДУАЛЬДІ ОҚЫТУ  
тиімділігі неде?

Еліміздің Білім және ғылым министрлігі дуальді оқыту жүйесін енгізгелі де біраз уақыт өтті. Осы уақыт ішінде аталмыш жүйенің тиімділігі мен нәтижесі толығымен дәлелденді. Дуальді оқыту жүйесі дегеніміздің өзі – теорияны өндіріспен ұштастыра отырып, болашақ маманға жан-жақты білім беру.



**Рая  
ЕСКЕНДІР**

Қазіргі кезде дүние жүзінің білім саласы бұл жүйені қолданып отырғандығы оның нәтижелі екендігін көрсетсе керек. Алғаш рет Германияда негізі қаланған дуальді оқыту жүйесінің тиімділігін неміс ғалымдары мен оқымыстылары бірден байқап, оны өндіріспен ұштастыра отырып қолдана бастайды. Дуальді оқыту жүйесінде білім алушылар уақытының үштен екі бөлігінде еңбек ете жүріп өндірістен қол үзбей оқиды, уақытының үшінші бөлігін теориялық оқуға, білімдерін кеңейтуге арнайды.

Жалпы, дуальді оқыту жүйесінің негізгі мақсаты – техникалық, кәсіптік оқу орындарының жұмыс беруші жеке сектордағы өндіріс, шаруашылық мекемелерімен серіктестік ретінде бірлесіп, нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа инновациялық-технологиялық бағдарламаларды меңгеруге дайын жұмысшы мамандар даярлап шығару. Дәл осы мақсатта еңбек етіп жатқан Алматы сән және дизайн колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Күнімай

Омаровадан дуальді оқыту жүйесінің қалай жүзеге асып жатқаны жөнінде сұрап, сөзге тартқан едік.

– Әлемдік білім саласында үрдіске айналған оқытудың бұл түрі біздің оқу ордасында 2014 жылдан бастап жүзеге аса бастады. Алғаш рет 10 айлық оқу мерзімі бойынша 11-сынып базасында «Тігін өндірісі және киім дизайны» мамандығы бойынша 50 студент осы жүйемен білім алса, 2016 жылы 75 студент маман болып шықты.

Алғашқы кезде бұл жүйенің білім сапасына әсері қалай болар екен деп, іштей қобалжығанмыз да рас. Дегенмен, дуальді оқыту жүйесінің тиімді екеніне оқу мен тәжірибе барысында нақты көз жеткіздік. Қазіргі кезде дуальді оқыту жүйесін колледжіміздің білім беру үрдісіне енгізу барысында өндірістік оқытудың 60 пайызы мен теориялық білім берудің 40 пайызы қамтамасыз етіліп отыр. Сонымен қатар, колледж оқытушылары мен әлеуметтік серіктестердің арнайы пәндер бойынша оқу бағдарламаларын бірлесіп жасау да тиімді жүргізіліп жатыр. Былтырғы оқу жылына «Тігін өндірісі және киім үлгілеу», «Тігінші», «Қоғамдық тамақтандыру», «Аспаз», «Кондитер» мамандықтары бойын-



ша 11-сынып және 9-сынып негізінде қабылданған студенттер саны күрт көбейіп, 150 адамға дейін өсті. Әлемдік қолданысқа енген оқытудың бұл түрінің тағы бір тиімді тұсы – колледж студенттері қалалық кәсіпорындарда тәжірибеден өтіп, жұмыс берушілермен тікелей байланыста болады. Тіпті, осындай тәжірибе барысында бірден жұмыс тауып кетіп жатқандары да бар. Себебі, дәл осы кезеңде жас маманның білімі мен тәжірибесі туралы жұмыс берушілердің пікірі қалыптасады. Сонымен қатар, арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері, әлеуметтік серіктестік кәсіпорындарында семинар тренингтарға қатысып, кәсіби шеберліктерін шыңдап біліктілік деңгейлерін көтереді. Жас мамандар жаңа технологиялық мүмкіндіктер мен заманауи жабдықтарды меңгеруде, – дейді Күнімай Нұрлыбайқызы.

Көп жағдайда теория мен практиканың арасындағы алшақтықты жою мәселесімен жұмыс берушілердің күресуіне тура келіп жатады. Себебі, білікті мамандармен қамтамасыз ету – бұл жетістікке қол жеткізудің кепілі. Мұндай жағдайда жас мамандардың

оқу үрдісінде алған білімдерін жүзеге асыру жоспарланатын кәсіпорын қызметінің ерекшелігін ескере отырып, қосымша оқу, тәжірибеден өту, қайта даярлау қажеттілігі туындайды. Міне, осы жағдайларды ескере отырып, дуальді оқыту жүйесін білім беру үрдісінде кеңінен пайдалана отырып өндірістің нақты қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқытудың нақты тиімділігіне мүмкіндік пайда болды. Осылайша колледж бизнестің, жастардың және мемлекеттің мүдделерін біріктіру мақсатында ұшжақты серіктестіктің мүлдем жаңа деңгейіне қол жеткізу мүмкіндігіне ие болды. Бұл ретте Алматы қаласындағы «Атамекен» ҰКП үлкен көмек беріп қолдау көрсетуде.

– Дуальдік жүйе бойынша оқыту білім алушылардың кәсіби біліктілігі мен іскерлік қасиеттерін тікелей жұмыс орнында қалыптасып, оның жан-жақты кәсіби дамуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ, білім, ғылым, өндірістің – өзара байланысын, әсерін қамтамасыз ету арқылы кәсіптік білім беру жүйесінің сапасын арттыратындығы да сөзсіз, – дейді Күнімай Омарова.





ӨЗ ПАЙЫМЫМ

# ӘР СӘТТІҢ ӨЗ ҚАДІРІ БАР



Олжас  
ЖОЛДЫБАЙ

**ҮШ ӘЛЕМ.** Адам ғұмыры қарапайым. Туу, ер жету, қартаю. Үш-ақ ауыз сөз. Еш қоспасыз, айта салуға оңай. Осы үшеу – үш кезең, үш тағдыр, үш үміт. Барлығы үштен тұрады. Бұған дейін де бұл тақырыпты қозғағанбыз. Бірақ ашып сипаттай алмай келеміз. Бәлкім, мәңгі құпия шығар. Кім білсін?!

**ТЕРЕҢДЕУ.** Әр халық өзінің тарихын мадақтайды. Оны терістейтіндер некен-саяқ шығар. Бәрінде батыр бар, шежіреге бай оқиғалар жетерлік. Гректер Афинасын, итальяндықтар Римді, түріктер Османлы дәуірін мадақтайды. Ал қытай мен ресейліктерді айтпаса да түсінікті. Олардың елі де шежіреге тұнып тұр. Былай қарағанда тарихи оқиғаларға өте бай. Біздің ата-бабаларымыздың да атан түйеге артатын мол шежіресі әлі күнге дейін жұмбақ болып тұр. Міне, бұл – тарих. Өткен, кейбір сыры өшкен кезең. Нақ сол шақта не болғанын бір Жаратушыдан басқа ешкім білмейді. Біле де алмас мүмкін!

**ЖЫЛЖУ.** Біздің заманымыз бұрынғылар айтқандай – «түлкі заман». Тазының әлі келмей, әлсірегендей көрінеді. Қайтсін, жүгіріп, секіріп, шаршаған шығар. Дәп солай екен деп төрт табандап жатып алуға болмайды.

Бүгінгі қоғам үш бөлікке бөлінген. Ескі көзқарасты құптаушылар. Заманауи әдіспен жүрушілер. Қиялмен күн кешетіндер. Осы үшеуі бір-біріне мүлде жат. Көзқарастары тоғыса қоймайды. Десе де, бір қоғамда жасап жатқан жайы бар.

КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІНЕН

## АНАМНЫҢ АҚ ШЕЛЕГІ



Қыс түссе, шешейдің шелектері еске түседі. Үлкен темірден жасалған, екі ақ шелек. Үй мен малқораның арасы жоқ дегенде 200 метрдей. Көктемде дария таситын. Ол екі арадағы жолды су алады деген сөз. Ол үшін құмды айналып баруға тура келеді. Таң бозынан тұрып, бізге қарап екі аралыққа 3-4 мәрте қатынайды. 30-40 сауын сиырды сауады.

Шешем сұр бекебайды басқа орап, түб жағын қалың күртенің жағасына салып алады. Сөйтіп, екі қолда екі ақ темір шелекпен сүт әкеле жатқаны ойымнан кетер емес. Маған сол кезде жасы үлкендей көрінетін. Осы күні ойласам, 23-25 жас арасында екен ғой. Дәу қара қазан болатын, соған сүтті пісіріп, пісіп, май алып, айран қылып ірітіп, қалғанын сұйтылған сұйық

Қазіргі адамдар неге, кімге иланарын білмейтін сияқты. Ақпараттардың көптігінен ми қорытып үлгермейді. Құдды «Матрица» фильмі болып жатқандай. Арысын әркім өзі бағамдар.

**ҚОЛ СОЗУ...** Арнайы үш нүкте қойдым. Кесіп-пішіп болашаққа болжам айтар біз емес. Десе де, болашақты бағамдау бұрынғыдай сағым емес. Тіпті, құпиялылығынан айырылғандай. Келешекте адамзат Марсқа, Галактикаға ұшып, жерден басқа жакқа қоныс аударатыны анық. Бұған, әрине, қолы жететіндер, аса ауқаттылар барады. Сосын жаппай тенденцияға ауысады. Олар үшін жер әлемнің қызығы түгесілгені қашан? Алдағы 5-10 жылда аспанда жеңіл көліктер ұшатын сияқты. Адамдар тілде-суді аңсайды-ау. Бірақ сөйлесетін адам жоқ. Себебі, бәрі виртуалды әлемге өтіп кеткен. Сондықтан арнайы мұң-шер тындайтындар көптеп пайда болады. Олардың қызметі ақылы болмақ. Роботтар жайлы айтудың өзі бір бөлек әңгіме. Олар адамның басқаруынан шығып кетуі де ғажап емес. Электронды жүйеден ақау шыкса, аргысын білмедім! Әлемнің аса қарыштап дамыған елдерінде адам капиталы азайып, кенже дамушыларда әлі де туу көрсеткіші басымдау болмақ. Бәлкім, бәрі бір орталықтан қадағаланатын шығар. Барлық адамзат бір-бірімен араласып-құраласып кетуі мүмкін. Өткен ұмыт болмақ. Мұны жаһандану дейді.

**ТҮЙІН:** Бүгінгі Үндістан негізін қалаушы Махатма Ганди «Болашағыңның өзгеруін қаласаң, сол өзгерісті тап қазір жаса» депті. Әр сәттің өз қадірі бар. Жоғарыдағы ойларды бір арнаға тоғыстырғанда осыған саяды. Жақсылықтан үмітіміз зор.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

## НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

Алдағы демалыс күндері М.Ю.Лермонтов атындағы драма театрында «Танго күйі» спектаклі өтеді.

### БИ СПЕКТАКЛІ

Көрсетілімнің режиссері Галина Пьянова, қоюшы-хореографы – «Алтын маска» сыйлығының иегері Игорь Григурко. Сондай-ақ, кезекті спектакльде Айсулу Әзімбаева, Еркен Губашев және Ирәна Аравина сияқты актерлер өздерінің шеберліктерімен қуантады. Ал Танго-хореографтардың



рөлінде Дмитрий мен Алена Ефименко өнер көрсетеді.

**Мекенжайы:** Абай даңғылы, 43.  
**Уақыты:** 13 ақпан, 17.00.

### «ЕСІГІМІЗ АШЫҚ»

Ертең Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры көрермендерге өз есігін ашады.

Осы айда театр көрермендерін «Щелкунчик» симфониялық оркестрдің концерті, балалар ертегі-операсы және басқа да көптеген керемет қойылымдар күтеді.

**Мекенжайы:** Қабанбай батыр көшесі, 110 (Байсейітова көшесі мен Назарбаев даңғылы аралығында).

**Уақыты:** 10 қаңтардан бастап.



## ҮЙ ТОҚЫМА КӨРМЕСІ



2022 жылдың 28 ақпан мен 3 наурыз аралығында Алматыда 15-рет түрік көрме ұйымының бастамасымен «Homedeco Kazakhstan» үй тоқыма және декор көрмесінің ашылуы өтеді.

Түркіел ұйымы Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Дағыстан, Тәжікстан және Ресей сияқты елдерден көтерме

саудагерлерді тартуды жоспарлап отыр.

2021 жылы «Homedeco Kazakhstan» үй тоқымасының ең ірі көрмесіне 10 елден – Қытай, Қазақстан, Қырғызстан, Польша, Ресей, Германия, Испания, Италия, Түркия және Малайзиядан 65 өндіруші қатысты.

**Мекенжайы:** «Атакент» сауда үйі.  
**Уақыты:** 28 ақпан – 3 наурыз.

## БАЛАЛАР ЕРТЕГІСІ

Мемлекеттің жарқын болашағы мен келешегі – жас ұрпақ, яғни балалар екені бәрімізге белгілі. Сондықтан да биылғы жылды «Балалар жылы» деп атап, бүлдіршіндерге көңіл бөлінгені қуантады.

Осы орайда 15,16 ақпан күндері «Алатау» дәстүрлі өнер театрында балаларға арналған «Әугай мен Игигәй» музыкалық ертегісі өтеді. Халық ертегілері желісі бойынша құрастырылған музыкалық қойылымда ұлттық құндылықтарымыз – домбыра, халық әні, ұлттық киім, би, халық ертегілері дәріптеледі. Максат: тәрбие – тал бесіктен дегендей, тектілігі тереңге тамырланған қазағымыздың ғасырлар бойғы озық тәжірибесін, дүниетанымын, өмірге көзқарасын өскелең ұрпақтың бойына сіңіріп, соған сай мінез-құлық қалыптастыруға атсалысу. Аталмыш қойылымда Әугай мен Игигәй атты (ойдан шығарылған) кейіпкерлердің көңілді-музыкалық баяндауы мен театрландырылған көріністер арқылы үш ертегінің тәрбиелік мән-мағынасы балаларға жеңіл де ойнақы түрде жеткізіледі.



**Мекен-жайы:** Алатау ауданы, Нұр-кент, 6.  
**Уақыты:** 15-16 ақпан, сағат: 11.00.

Дайындаған  
Айжан БҰРКІТБАЕВА.





## ТҮЛҒАТАНУ

Ол сол кезеңдердегі қылышынан қан тамған идеология да, «халық жауының әйелі» деген ауыр айып та сындыра алмаған рухы мықты әйел, дарынды педагог және жүрегі мейірімге толы ана бола білді. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерен еңбегі үшін ол мемлекеттік наградалармен марапатталған. Ол – қазақтың Біләл Сүлеев, Ілияс Жансүгіров және Мұхтар Әуезов сынды үш азаматының музасы және олардың ұрпағының аяулы анасы бола білген – Фатима Ғабитова.

Оның бүкіл саналы ғұмыры бұралаңы мен бұлттарысы көп жолдардан тұрды. Бірақ ол қаншама кедергілерге тап болса да, барлық сынақты сынбай, мойымай, табанды, батыл, қайсар мінезімен жеңе білді.

## ФАТИМА



## Қазақтың үш бірдей арысының музасы болған Фатима Ғабитованың күреске толы өмірінен бір үзік сыр



## БІЛӘЛ СҮЛЕЕВ

Фатима өз заманына сай білім алды. Ол орыс қыздар мектебінде, содан кейін татар медресесінде оқыды. Сосын оқу-білімін Алматы университетінің Филология факультетінде жалғастырды. 15 жасында-ақ Қапалдағы мектепте ұстаздық ете бастады. 1934 жылы Мемлекеттік баспа комитетінің фольклор және балалар әдебиеті редакциясын басқарды.

Бірнеше тілді жетік меңгерген Фатиманың тағдырына Ресейден жер аударылып келген неміс отбасы көп ықпал етті. Олардың шаңырағына қоныстанған келімсек әйел өте сауатты, әрі мәдениетті еді. Екі отбасы арасында өзара келісім болды. Өздеріне деген қамқорлықтың өтеуі ретінде ол Фатимаға неміс тілін, мәдениетін, еуропалық тәлім-тәрбие дәстүрлерін үйретті. Бұл алған дәрістері Фатимаға кейінгі өмірінде көп көмектесті.

Фатима Біләл Сүлеевке тұрмысқа шыққанда 16 жасқа толған болатын. Көңіл қосқан азаматы көрнекті жас ағартушы, педагог, түрлі жанрда қалам тербейтін жазушы және журналист еді. Ол – Қазақстандағы халықтық және жоғары білім беру жүйесін алғаш ұйымдастырушылардың бірі. «Алаш Орда» қозғалысының бұрынғы мүшесі Біләл Сүлеев 1938 жылы «ұлтшыл» деген айыппен үшінші мәрте тұтқындалып, Ташкентте атылады. Ерлі-зайыптылар Фарида, Жәнібек және Азат есімді үш перзент сүйді. Фарида 1928 жылы Ақтөбеде жасөспірім кезінде қайтыс болған. Осылайша Фатима Ғабитованың маңдайына тұңғыш рет «халық жауының әйелі» деген таңба басылады.

## МҰХТАР ӘУЕЗОВ

Заты, жаны нәзік әйел, көпбалалы ана «шаш ал десе, бас алатын» саясаттың ауыр салмағын қалай көтерген? «Халық жауының әйелі» деген «қоңыраумен» қалай өмір сүрген? Шын мәнінде жанын жеген қасіреттен, қиындықтардан оны алып шыққан аналық махаббаты мен ер-азаматына деген адалдығы мен шексіз құрметі болатын.

Ол саяси қуғын-сүргінді де, соғысты да көрді, Ілияс ақталғанға дейін де өмір сүрді. Бірақ оның өліміне кінәлілерді, соның ішінде жалған айып тағып, арыстай азаматынан, балаларын әкесінен айырған саяси режимді кешіре алмады.

## ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ

Осынау күрделі де қиын шақта Фатиманың өміріне оған бұрыннан сезімі бар Ілияс Жансүгіров енеді. Ол тұста ақын Ілиястың мөлдір мұңға, кейде асып-тасыған қуанышқа толы, әйел затына деген сүйіспеншілігін өрнектеген лирикалық өлеңдер жазып жүрген кезі. Фатима оның қаламының қуатын, дарынын білсе де, оған туған халқының ерекше бітім-болмысын суреттейтін жалынды өлеңдер жазбайынша, өзіне арнап ешбір туынды арнауына үзілді-кесілді қарсы болады. Ілияс Жансүгіровтің әйгілі «Құлагер» мен «Күйші» поэмалары осы кезде жазылған.

Арада бірер жыл өткенде Ілияс пен Фатима бас қосады. Ақын бірнеше рет тұтқындалған, соның кесірінен Қазақстаннан кетуге мәжбүр болған Біләл досының балаларын өгейсінбей кеудесіне қысып, қамқорлығына алады. Бақытты некеден екі қыз дүниеге келеді – Үміт және Ильфа Жансүгіровалар. Болатты, алтыншы баласын Фатима Ілияс тұтқына алынғаннан кейін босанады. Тіпті, Фатиманың маңдайына сәбиін жайлы жерде, қайғы-қасіретсіз өмірге әкелу де жазылмаған екен, толғағы НКВД-дан шығып келе жатқан сәтте дәл көше бойында басталады. Оны сөйтіп Бейімбет Майлиннің зайыбы Гүлжамал босандырып

Ілияс қайтыс болғаннан кейін Фатиманың өмірі тіпті қиындап кетті. Барлық мүлкі тәркіленіп, одан жұрт «халық жауының әйелі» деп теріс бұрылды. Жұмысқа да ешкім ала қоймады. Балаларының ашқұрсақ қалған кездері де жоқ емес еді.

Бірақ бұл әлем мейірімді адамдардан кенде емес, әсіресе, Ілияс пен Фатима Жансүгіровтер сынды халықтың сүйіспеншілігіне, ықыласына бөлене білген жақсы жандар үшін. Фатимаға сол бір сын шақтарда Біләл Сүлеевке де, Ілияс Жансүгіровке де бөтен емес, әріптес әрі шынайы дос бола білген Мұхтар Әуезов көмекке келеді. Қазақ әдебиетінің болашақ классигіне Кеңес заманында тыйым салынған «Қылы заман» повесінің материал-

алады. Ілияс ұлын түрмеде бес минутқа ғана рұқсат етілген жүздесу кезінде көреді. Оған мейірлене қарап тұрып: «Ұлымыз қарапайым етікші болсын, оған етік тігуді үйрет! Жазушы болып жазықсыз түрмеде отырғаннан гөрі аяқкиім тігіп, бостандықта өмір сүрсін!», – дейді іштегі ащы қыжылын сездірткісі келмей.

Жауап алу кезінде Фатима Ілиястың үйге келген достарының бірде-бірін атын атап сатпады. Бірақ жұбайына тағылған айыптарды оқыған сәтте қыстығып жылап жібергенін айтады. «Мен өзімді қайраттымын, мықтымын деуші едім. Бірақ мына жалаларды оқып, өз-өзімді ұстай алмай, «О, Ілияс, қымбатты Ілиясым! Сізге анық жала жабылды, сіз еш кінәсіз зардап шектіңіз, қадірлім!», – деп ағыл-тегіл жыладым деп еске алады.

Фатима өзінің күнделігінде балаларды Қапалға туыстарына жіберіп, аяулы жарының тағдыры туралы білмекке НКВД-ның табалдырығы мен кабинеттерінің есігін қалай тосдырағанын да жазады. Талай шенеуніктің алдына барып, Ілиястың қайда екенін сұраудан жалықпайды. Бірақ олар әртүрлі орындарды атайды. Фатима барлық аймаққа хат жолдап, сұрау салады. Бірақ Ілиястан ешбір хабар ала алмайды.

дарын жинауға сол тұста атағы аспандап тұрған ақын Ілияс Жансүгіров көмектескен болатын. Мұхтар Омарханұлы алдағы күндері бұлыңғыр, айдауға ұшыраған, астана мен өзге де ірі қалаларда өмір сүруіне мүлдем тыйым салынған, жалпы тіршілік ету мүмкіндіктері шектелген үлкен отбасын қамқорлығына алады. Мұхтар Әуезов олардың мүмкіндігінше жайлы жерде тұруына ықпал етеді. Сөйтіп, Фатима балаларымен іргелі Мерке ауылына қоныс аударады. Әуезов Фатимаға үнемі қолдау көрсетіп, балаларына да барынша көмек қолын созады. Уақыт өте келе бір-біріне деген риясыз пейіл мен достық құрмет махаббат сезіміне ұласады. 1943 жылы ұлдары Мұрат дүниеге келеді.

«ХАЛЫҚ ЖАУЫНЫҢ»  
ОТБАСЫ

Өмір Фатиманы маңдайынан сипап, еркелеткен жоқ: үлкен қызының жанбай жатып ерте сөнуі, екі күйеуінің қайтыс болуы, қудалау, түртпектеу, жер аудару. Бірақ ол тағдырына мойынсұнған жоқ, берілмеуге тырысты. Қан майданда, Смоленскінің ну ормандарында ұлы Жәнібек оққа ұшып мерт болады. «Ерлігі үшін» және «Жауынгерлік еңбегі үшін» медальдарымен марапатталған жігіт медсанбатта көз жұмғанда 21 жасқа да толмаған кезі-тін. Фатима ана бұл қасіретті де нәзік иығымен көтере білді.

